

# ХАДИСТАНУ

Шымкент

## МАЗМҰНЫ

### КІРІСПЕ

#### I. Сөздер және ұғымдар

А. Хадис .....	8
Ә. Сүннет .....	20

#### II. Хадис ғылымдары және Хадистану

А. Хадис ғылымдары .....	26
Ә. Хадистану .....	26

### БІРІНШІ БӨЛІМ

#### I. Риуаяттың анықтамасы және қағидалары

А. Риуаяттың анықтамасы .....	31
Ә. Риуаяттың әдептері .....	31
Б. Риуаяттың қасиеті .....	36
В. Риуаяттың сипаты .....	41

#### II. Хадис тарихы .....

### ЕКІНШІ БӨЛІМ

#### I. Рауидің анықтамасы және сипаттары

А. Рауидің анықтамасы .....	48
Ә. Рауидің сипаттары .....	48

#### II. Рауиді сыни талдау

А. Жарх және тағдил ұғымы және принциптері .	50
Ә. Айыбын қарастыру (Тағн) түрлері.....	53
Б. Жарх және тағдил жұмыстарынан кейінгі рауилер.....	56



В. Жарх және тағдил көркем әдебиеттері.....57

### **III. Рауидің белгілі болуы**

А. Рауи топтары (табақа).....57

Ә. Сахаба-Табиғун-Әтбағут-Табиғин топтары ...58

## **ҮШІНШІ БӨЛІМ**

### **I. Қабылдау немесе қайтару тұрғысынан хадис**

А. Қабылданған

Ә. Қайтарылған

### **II. Рауилер саны яки жайылу тұрғысынан хадис**

А. Мутауатир.....68

Ә. Ахад хадис .....70

### **III. Сәнәттің немесе айтушы рауидің**

#### **соңғы тірелер тізбегі тұрғысынан хадис**

А. Құдси хадис .....71

Ә. Марфуғ хадис .....72

Б. Маукуф хадис .....74

В. Мақтуғ хадис .....76

### **IV. Дұрыстығы немесе үкімі жағынан хадис**

А. Сахих хадис .....77

Ә. Хасан хадис .....82

Б. Зайыф хадис .....84

### **V. Бір-біріне қайшы түсуі жағынан хадис**

## **ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**

Маудуғ хадистер.....99

ТАПСЫРМАЛАР ..... 105

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТЕР..... 111



## Алғы сөз

Кез келген мақсатқа жету жолында әдіс-тәсіл, әдістеме, амал-әрекет ең басты қажеттілік екендігі баршамызға мәлім. Әдіс-тәсілсіз, толығырақ айтқанда әдістемесіз атқарылған жұмыстарда белгілі бір мақсат болмайтындықтан, адам босқа күш-қуатын сарп етіп, соның салдарынан психологиясында небір келеңсіз жағдайлар сыр береді. Өз кезегінде бұл жағдай адамның сүйікті ісінен жалығып, тіпті аяқсыз қалдырып, тастап кетуіне себеп болады. Демек, әрбір іске, әсіресе ғылымға әдістеме қажет екенін анық байқаймыз.

Осы орайда Хадистану ғылымы – Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) хадистеріне нақты қол жеткізуде бізге жол көрсететін, бағыт-бағдар сілтейтін өзіндік ережелерін ұсынған әдістемелік ғылым. Хадистердің қорғалып-сақталуында және сахих пен зайыф хадисті бір-бірінен ажырта білуде хадистану маңызды қызмет атқарады.

Хадистануға қатысты араб және түрік тілдерінде көптеген еңбектер жарық көрді. Бұрынғы өткен әрі қазіргі таңда осы ғылымға байланысты жазылған еңбектердің авторларын аса құрметпен еске аламыз. Аллаһ Тағала оларға разы болсын.

Осы саладағы жарық көрген еңбектер өз заманында өте маңызды болғанына ешкім шүбә келтірмес. Алайда заманның өзгеруіне байланы-



сты және деректерге, мәліметтерге қол жеткізу үшін түрлі әдістемелердің қолдану қажеттілігі туындағаны шындық. Проф. Док. Лүтфи Исмайл Шақанның «Хадистануы» осындай қажеттілікке орай жазылған мейілінше жүйелі еңбек болды. Бұл еңбек түркі халқына осы саладағы бос кеңістіктің орнын толтырарлықтай ауқымды зерттеу жұмысы десек те болады.

Жеті жылға жуық шырайлы Шымкент шаһарындағы Дінтану факультетінде Хадистану пәнін оқыту кезінде ұстазымыздың еңбегін мейілінше пайдаланғанымды орай келгенде айта кету – ғылыми және адамгершілік борышым деп санаймын.

Міне, қолыңызға тиген осы кітапша жоғарыда аталған еңбекке өз тарапымыздан бірқатар толықтырулар енгізіліп жарыққа шықты. Шәкірттеріміздің хадиспен алғаш рет университет қабырғасында танысуы, еліміздің шарттары жыл өткен сайын өзгеруі бірқатар ережелер мен толықтырулар енгізуді қажет етті.

Осы еңбегімді жазу үстінде бар көмегін аямай, әрдайым қол ұшын берген қадірлі әріптес достарыма алғысымды айтам.

Талпыныс – бізден, жемісі – Аллаһтан!  
Др. Абдуллаһ Хикмет Атан  
15.09.2009 Шымент. Қазақстан



# I. СӨЗДЕР ЖӘНЕ ҰҒЫМДАР

## A. ХАДИС.

### I. Анықтамасы.

#### a. Сөздіктегі ұғымы.

Хадис – сөз (قول), хабар, мәлімет және «ескі» (قَدِيم) сөзінің антонимі – жаңа (جَدِيد), жаңашыл деген мағыналарға сай келеді.

Дініміздің ұлы кітабы қасиетті Құран Кәрімде:

«فَلْيَأْتُوا بِحَدِيثٍ مِّثْلِهِ»

«Ендеше, егер шыншыл болса, Құран сияқты бір сөз келтірсін» (Тұр, 52/34),

«اللَّهُ نَزَّلَ أَحْسَنَ الْحَدِيثِ كِتَابًا»

Аллаһ Кітапты сөздің ең көркемі етіп түсірді» (Зүмәр, 39/23) деген аяттарда хадис «сөз» мағынасында қолданылған.

Бұхариден жеткен хадисте де бұл ұғым «сөз» мағынасында қолданылған:

«إِنَّ أَحْسَنَ الْحَدِيثِ كِتَابُ اللَّهِ وَأَحْسَنَ الْهَدْيِ  
هَدْيُ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ.»

«Сөздердің ең көркемі – Аллаһтың кітабы, ал



жолдардың ең тура, кемелдісі – Мұхаммедтің жолы екендігі даусыз» (Бұхари, Әдеп, 70).

Құран Кәрімде хадис сөзінің «хабар, мәлімет» ұғымында да қолданылғанын мына бір аяттан көруге болады: **هل أتاك حديث موسى** «Саған Мұсаның хабары келді ме?» (Назиғат, 79/15).

### ә. Діндегі терминдік ұғымы

«مَا أُضِيفَ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ قَوْلٍ أَوْ فِعْلٍ  
أَوْ تَقْرِيرٍ أَوْ وَصْفٍ خَلْقِيٍّ أَوْ وَصْفٍ خُلُقِيٍّ»

«Пайғамбарымыздың сөзбен, іс-әрекетімен, кейде мақұлдау-құптауымен іске асқан, сондай-ақ болмыс-табиғаты және мінез-құлқы секілді қасиеттерімен байланыстырылған барлық жәйттері – хадис деп аталады»

### б. Анықтаманың бөлімдері

**1) Қаули (сөзбен жеткізген хадис/الحديث القولي):** Хз. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) нақ өз аузынан шыққан сөздерін білдіретін хадис түрі.

**2) Фиғли (іс-әрекетіне қатысты хадис/الحديث الفعلي):** Хз. Пайғамбарымыздың іс-әрекеттері және солардың жүзеге асырылуын баяндайтын хадистің бір түрі. Мысалы:



عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا عَمِلَ عَمَلًا  
أَتَيْتُهُ.

Хз. Айша анамыз былай дейді: «Расулуллаһ (с.а.у.) бір жұмысқа кіріскенде, оны тура атқарып ШЫҒАТЫН» (Мүслим, Мисафирин,141).

**3) Тақрири (бір істі құптағандығы жөніндегі хадис/الحديث التقريري):** Тақриридің сөздіктегі мағынасы – *құптау, мақұлдау* болып табылады. Ал діни терминдік ұғымына келсек, мәселен, Хз. Пайғамбар өз құлағымен естіген сөздер немесе төтесінен жүзеге асқан оқиғалар алдында сол айтылған сөздерді яки болған оқиғаларды ашықтан қолдайтынын білдіруі (сарих, ашықтан құптау) немесе сол сөздер мен оқиғалар алдында үнсіз қалуы (зымни, іштей құптау).

Сарих (ашықтан құптау): Бұған, жолаушылап жүріп науқас адамға құран оқып, сауықтырып жіберген бір сахабаның: «Мұның ақысына қойлар алып едім. бұл жөнінде қандай пәтуа бар?» – деген сауалына:

«وَمَا يُدْرِيكَ أَنَّهَا رُقِيَةٌ أَصَبْتُمْ أَقْسِمُوا وَاضْرِبُوا لِي مَعَكُمْ بِسْمِهِمْ»

«Фатиханың шипа беретінін қайдан біле қойдың? Мұның жөн болған екен. Қойларды өзара бөлісіңдер, маған да бір үлесін қалдырыңдар» деп бұйырғанын мысал ретінде беруге болады (Бұхари,

Тыбб, 33; Мүслим, Сәләм, 66).





Зымни (іштей құптау): Бұған мысал ретінде, Хандак шайқасы аяқталып, Бәни Құрайзаға бара жатқан жолдағы екінді намазы туралы оқиғаны айтсақ жеткілікті. Хз. Пайғамбар (с.а.у.): «Бәни Құрайзаға жетпей тұрып, екінді намазын оқымаңдар!» деген болатын. Кей сахабалар осы бұйрыққа бағынып, уақыт кіргеніне қарамастан, намазды дйттеген жерге жеткенде оқиды, ал кейбіреулері Расулуллаһтың бұлай айтуының мақсаты – бізді аталмыш жерге ертерек жетіп алсын дегені еді деп түсініп, Бани Құрайзаға жетпей жатып, жолда намаздарына кірісіп кетеді. Қайтарда бұл жайт Пайғамбарымызға мәлім болғанда, Ол бұл жөнінде үнсіз қалып, екі жаққа да іштей қолдаған сыңай танытады (Бұхари, Хауф, 5; Мүслім, Мағаз, 30).

**4) Хылқи (физиологиялық сипаты / الوصف الخلقی):**  
Табиғатына, жаратылысына қатысты дене-бітімдік сипаттары:

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَجْوَدَ النَّاسِ وَكَانَ أَجْوَدَ مَا يَكُونُ فِي رَمَضَانَ حِينَ يَلْقَاهُ جَبْرَيْلٌ وَكَانَ يَلْقَاهُ فِي كُلِّ لَيْلَةٍ مِنْ رَمَضَانَ فَيُدَارِسُهُ الْقُرْآنَ فَلَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَجْوَدُ بِالْخَيْرِ مِنَ الرِّيحِ الْمُرْسَلَةِ.

«Хз. Пайғамбардың (с.а.у.) түр-әлпеті – адамдардың ішіндегі ең сұлуы, жаратылысы жағынан ең кемелдісі еді. Ол (с.а.у.) тым ұзын да емес, тым қысқа де емес-тін». (Бұхари, Мәнәсиб, 23)



**5) Хулқи (этикалық, ахлақи/الوصف الخلقی) сипаттары:** Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кез келген мінез-құлық ерекшеліктерін баяндайтын хадистер. Мәселен,

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَجْوَدَ النَّاسِ وَكَانَ أَجْوَدُ مَا يَكُونُ فِي رَمَضَانَ حِينَ يَلْقَاهُ جَبْرَيْلٌ وَكَانَ يَلْقَاهُ فِي كُلِّ لَيْلَةٍ مِنْ رَمَضَانَ فَيُدَارِسُهُ الْقُرْآنَ فَلَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَجْوَدُ بِالْخَيْرِ مِنَ الرِّيحِ الْمُرْسَلَةِ.

«Расулудлаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм адамдардың ең жомарты еді, Оның тіптен жомарт болған сәттері – Рамазан айында Жәбірейлмен кездескен уақыттары еді. Жәбірейіл Рамазанның әр түнінде Хз. Пайғамбармен кездесетін, бетпе-бет отырып Құран оқитын. Сондықтан Расулудлаһ Жәбірейлмен кездескен сәттерде жібектей ескен самал желден де жомарт болып кететін» (Бұхари, Уәдғулул-уахи,5).

## **2. ХАДИСТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ (بناء الحديث)**

### **а. Сәнәт және мәтін.**

Хадис бір-бірінен мүлдем басқа екі бөлімнен құралады: Сәнәт және мәтін.

#### **1. Мәтін (متن)**

Сәнәттен кейін келетін хадистің сөзді бөлігін *мәтін* деп атайды.

#### **2. Сәнәт (سند)**

(Тарик, Уәжһ)



Сөздікте «сенімді, сүйеніш» деген мағынаға келеді. Діни терминдік ұғымы – хадисті жеткізуші рауилер<sup>1</sup> орын алған бөлігі (سلسلة الرواة). Ал сәнәтті иснат (إسناد) деп те атайды. Бұл дегеніміз – хадистің бізге кімдер арқылы жеткендігін көрсетіп беретін құжат болып табылады. Сәнәт та құрылымы жағынан екіге бөлінеді:



إبتداء السند

### سند الحديث

قال البخاري رَحِمَهُ اللهُ: حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو التَّيَّاحِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللهُ عَنْهُ عَنْ


النَّبِيِّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: "يَسْرُوا وَلَا تَعْسُرُوا وَبَشِّرُوا وَلَا تُنْفَرُوا."

متن الحديث

منتهى السند



## ә. Хадис зерттемесі



## б. Хадис зерттемесін жүргізуде назар аударатын мәселелер:

1. Риуаят сөздеріне жататын бөлігі (الفاظ الرواية) сәнәтта аталып өткен сөздердің тұйық етістік түрлері (تحديث، إخبار، عنينة) болып жазылады.

2. Рауилер санының бөлігіне, Расулуллаһты (с.а.у.) қоспағанда, өзге тұлғаларды санау арқылы, мәселен үштік, төрттік, бестік, алтылық... мағынасын білдіретін арабша сандық формалары жазылады.



3. Рауилердің қай топқа жататындығы топтық (табақат) кітаптарда жазылады.

4. Мәтіндік жағынан зерттеме жүргізілгенде, ең әуелі, хадис мәтінінің кімге тән екендігі анықталып, содан кейін хадис – айтылған сөз (қаул), іс-әрекет (фиғл) және мақұлдау-құптау (тақрири) жағына қарай ажыратылады.

### в. Сәнәттің оқылуы

Негізінде сәнәттардың түзу, тура оқылуы үшін сәнәттарда қысқартуға ұшырамаған толық нұсқасы оқылғаны жөн. Ал, жалпы, сәнәттарда кей сөздер қысқартылып алынады. Олар төмендегілер:

**1) قَالَ (қолә) сөзі:** Бұл сөз **عن** сөзінен басқа барлық жағдайларда **أَبَانَا**, **أَخْبَرَنَا**, **حَدَّثَنَا** және **أَبَانَا** сияқты риуаят сөздерінің алдында қолданылады.

**2. حَدَّثَنَا (хәддәсәнә) сөзі:** **ثَنَا** және **نَا** формасына қысқарады.

**3. حَدَّثَنِي (хәддәсәни) сөзі:** **ثَنِي** және **دَثَنِي** формасына қысқарады.

**4. أَخْبَرَنَا (әхбәранә) сөзі:** **أَنَا** болып қысқартылады. Осылардың барлығына мысал бере кетсек:

حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ يَعْقُوبَ الطَّلَقَانِيُّ حَدَّثَنَا ابْنُ الْمُبَارَكِ أَخْبَرَنَا حُمَيْدُ الطَّوِيلُ  
عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ:



Бұл сәнәттің оқылуы былай болып келеді:

قال الترمذي: حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ يَعْقُوبَ الطَّالِقَانِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ الْمُبَارَكِ  
قَالَ أَخْبَرَنَا حُمَيْدُ الطَّوِيلُ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ  
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ:

حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ ثَنَا حَمَّادٌ عَنْ حُمَيْدٍ عَنْ أَنَسٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى  
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: جَاهِدُوا الْمُشْرِكِينَ بِأَمْوَالِكُمْ وَأَنْفُسِكُمْ وَأَلْسِنَتِكُمْ

Бұл хадистің оқылу тәртібі былай:

قال أبو داود: حَدَّثَنَا مُوسَى بْنُ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا حَمَّادٌ عَنْ حُمَيْدٍ  
عَنْ أَنَسٍ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: جَاهِدُوا الْمُشْرِكِينَ بِأَمْوَالِكُمْ  
وَأَنْفُسِكُمْ وَأَلْسِنَتِكُمْ.

**5. әрпі:** *Аудару, ауыстыру, өзгерту* деген мағыналарды білдіретін «*تحويل*» сөзінің қысқарған түрі. Бұл – сәнәттің өзгергенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, бір хадис мәтінінің әртүрлі сәнәттарының біреуінен екіншісіне өтуі – сәнәттің өзгеруі болып табылады. Өзгеріс былайша жүзеге асады: Бір мұсанниф бірдей хадисті екі түрлі сәнәтпен алды делік. Алайда сәнәттар бірнеше рауилерден кейін қайта біріге бастайды. Міне, дәл осындай бірігетін жерде мұсаннифтеріміз өзара ортақ рауилердің алғашқысын ғана атап, яғни *ح* әрпін қояды да, сәнәтті қайта басына оралдырады, екінші сәнәтті соңына дейін тізіп айтып өтеді. Бұл әдістің мәні



– екі немесе одан көп сәнәттағы өзара ортақ рауилерді айтып өту әрі сөзді ұзатып жібермеу үшін. Мысал бере кетсек:

حَدَّثَنَا عَبْدَانُ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا يُونُسُ عَنِ الزُّهْرِيِّ ح وَ  
حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ مُحَمَّدٍ قَالَ أَخْبَرَنَا عَبْدُ اللَّهِ قَالَ أَخْبَرَنَا يُونُسُ وَمَعْمَرٌ عَنِ  
الزُّهْرِيِّ قَالَ أَخْبَرَنِي عُبَيْدُ اللَّهِ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ  
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحْوَدَ النَّاسِ وَكَانَ أَحْوَدُ مَا يَكُونُ فِي رَمَضَانَ حِينَ  
يَلْقَاهُ جَبْرَيْلٌ وَكَانَ يَلْقَاهُ فِي كُلِّ لَيْلَةٍ مِنْ رَمَضَانَ فَيُدَارِسُهُ الْقُرْآنَ فَلَرَسُولُ  
اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحْوَدُ بِالْخَيْرِ مِنَ الرِّيحِ الْمُرْسَلَةِ (البخاري، بدء  
الوحي، 5).

**6. أَنَّهُ (ӘННӘҺУ) сөзі:** Сәнәтта жазылмайды, тек қана оқылады. Бұл сөз **سَمِعَ** сөзінен бұрын оқылады. Мысалы:

حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ  
عَطَاءِ بْنِ أَبِي مَيْمُونَةَ سَمِعَ أَنَسَ بْنَ مَالِكٍ  
حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ جَعْفَرٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ  
عَطَاءِ بْنِ أَبِي مَيْمُونَةَ أَنَّهُ سَمِعَ أَنَسَ



## г. Рауи саны жағынан иснат

(الإسناد باعتبار عدد الرواة)

نَازِل

Бірдей хадистің әр түрлі иснаттарынан ең басты қайнаркөзге, өзге-леріне қарағанда өте көп рауилер арқылы жеткен сәнәт түрі

عَالِي

Бірдей хадистің әр түрлі иснаттарынан ең басты қайнар-көзге, өзге-леріне қарағанда тым аз рауилер арқылы жеткен сәнәт түрі

Хадис саласының ғалымдары ең жоғарғы иснатқа өте үлкен мән берген. Сондықтан болар, табан тоздырып, ауыл-аймақты аралап, тіпті шет елдерге сапар шекті. Солардың алғашқыларының бірі – Халид бин Зайт Әбу Аюб әл-Ансари (р.а.) еді. Өзі мен Пайғамбар арасындағы рауилер санын бірлікке түсіру үшін Мәдина қаласынан сонау Мысыр еліне сапар шекті, нәтижесінде хадисті Расулуллаһтан тікелей өз құлағымен естіген Ұқба бин Әмірден (р.а.) аталмыш хадисті алудың сәті түсті.

Имам Мәліктің ең жоғарғы әрі жақсы иснаты – сүнәни (екілік). Яғни өзі мен Пайғамбар (с.а.у.) арасында бір табиғин және бір сахаба, қысқасы екі рауи бар. Бұхаридің ең жоғарғы иснаты – сүләси (үштік). Яғни оны мен Пайғамбар (с.а.у.) арасында бір өтба, бір табиғин және бір сахаба бар.





## г. Сәнәттің маңызы

(أهمية السند)

Сәнәт – хадистің сенімділігін, туралығын тексеруде және риуаят қайшылығының алдын алуда өте маңызды рөл атқаратын хадис әдістемелігінің бір категориясы. Сол себепті иснат – хадистану ғылымының темірқазығы (мәдәри илм-и хадис) болып табылады. Біз алдыңғы бір сабағымызда көрсетіп өткен хадис зерттемесін жүргізу тәсілін сол хадисті зерттеп, тексеру үшін жасаған болатынбыз.

Сәнәттің маңыздылығы жөнінде Абдуллаһ бин Мүбәрәк (өлг.ж. 181/797):

«الإِسْنَادُ مِنَ الدِّينِ وَلَوْلَا الإِسْنَادُ لَقَالَ مَنْ شَاءَ مَا شَاءَ» деген болатын

Бұл мәселеде Әнуәрул-Кәшмири де былай дейді: «Иснат – дінге қатыссыз нәрсенің дінге сыналап еніп кетуінің алдын алу үшін қажет. Бірақ бұл, сәнәтта орын алған кемшіліктер салдарынан дінге қатысты мәселелерді дінмен мүлдем байланысы жоқ етіп көрсету үшін ойлап шығарылған нәрсе емес».

Суфиян әс-Сәури (өлг.ж. 161/728): «Иснат – мүмин мұсылманның қаруы (سلاح المؤمن الإسناد). Қарусыз адам несімен және қалайша соғыса алмақ?» – дей отырып, сәнәттің сүннетті, тарқатып айтқанда, дінді қорғаудағы маңыздылығын атап көрсетеді.

Ал, Ибн Сириң (өлг. ж. 110/728) сәнәттің тари-



хы жайында мынадай дерек келтіре отырып, бір жағынан сәнәттің жоғарыдағы маңыздылығын қайта атап өтеді:

«لَمْ يَكُونُوا يَسْأَلُونَ عَنِ الْإِسْنَادِ فَلَمَّا وَقَعَتِ الْفِتْنَةُ قَالُوا: سَمُّوا لَنَا رِجَالَكُمْ! فَيَنْظُرُ إِلَى أَهْلِ السُّنَّةِ فَيُؤْخَذُ. حَدِيثُهُمْ وَيَنْظُرُ إِلَى أَهْلِ الْبِدْعِ فَلَا يُؤْخَذُ حَدِيثُهُمْ»

Бұл жердегі бүлік (фитна) деп отырғаны – Хз. Османның қаза тапқаннан кейін басталған, кейініректе Жәмәл қақтығысы (35/656) мен Сыффын соғысына ұласқан, Хз. Хусейннің шейіт болуымен оттай лаулап, өрши түскен бітіспес оқиғалар болатын.

## Ә. СҮННЕТ (السنة)

### 1. Анықтамасы

Сөздікте *жол* (الطريق المعتادة) және *беталыс* дегенді білдіреді. Хадисте мынадай боп кездеседі:

«مَنْ سَنَّ سُنَّةً حَسَنَةً فَعَمِلَ بِهَا كَانَ لَهُ أَجْرُهَا وَمِثْلُ أَجْرِ مَنْ عَمِلَ بِهَا لَا يَنْقُصُ مِنْ أَجْرِهِمْ شَيْئًا  
وَمَنْ سَنَّ سُنَّةً سَيِّئَةً فَعَمِلَ بِهَا كَانَ عَلَيْهِ وِزْرُهَا وَوِزْرُ مَنْ عَمِلَ بِهَا مِنْ بَعْدِهِ لَا يَنْقُصُ مِنْ أَوْزَارِهِمْ شَيْئًا.»

(Ибн Мәжә, Мұқаддима, 14)

Көрініп тұрғандай, жолдың жақсысын да, жамаанын да «сүннет» дейді.



«عَلَيْكُمْ بِسُنَّتِي» = Сендерге менің сүннетім қажет» (Әбу Дәуіт, Сүннет, 5) дегенде Хз. Пайғамбар өзінің өмір сүру үлгісі мен сара жолын меңзеген еді.

Қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде «сүннәтуллаһ» Аллаһ Тағаланың мына ұшықиырсыз әлемді басқару заңдарын сипаттаса, ал «сүннәтул-әууәлин» көне заманның әдет-ғұрыптары мен өмір сүру салты деген мағынада қолданылған.

Діни терминдік мағынасы: Хз. Пайғамбардың күллі өмірін «сүннет» деп атайды.

## 2. Сүннет пен хадистің өзара байланысы

(العلاقة بين الحديث و السنة)

Сүннетдегеніміз – Расулаллаһтың (с.а.у.) өмірінің әрбір сәті. Ал, хадис – сол сүннетті бізге жеткізген мәтіндік жазба болып табылады. Қысқасы, хадис дегеніміз – сүннеттің тәптіштеп баяндалған түрі. Сондықтан да кітапхана сөрелерінен орын тепкен Бұхари, Мүслім сияқты кітаптарды «сүннет кітаптары» деп емес, керісінше «хадис кітаптары» деп атайды. «Сүннетте бар ма екен?» деген сауалға берілген жауап – хадис болып табылады. Бір адам «сүннетті» оқымайды, «хадисті» оқиды. Біз хадисті оқып, сүннетті сол хадистен аңғарып, түсінеміз.

## 3. Сүннеттің дінде алар орны (مكانة السنة في الإسلام)

Сүннеттің Ислам дініндегі маңызды орнын жете



ұғыну үшін кейбір мәселелерді айқындап алу керек. Осыған орай сүннеттің діндегі орнына тоқталып өтеміз:

## **а. Пайғамбарлардың сипаттары (أوصاف الرُّسُل)**

### **1. Бәшәрият (بشرية)**

قُلْ إِنَّمَا أَنَا بَشَرٌ مِّثْلُكُمْ يُوحَىٰ إِلَيَّ أَنَّمَا إِلَهُكُمْ إِلَهٌ وَاحِدٌ

«Шынында, мен де сендер секілді адаммын.

Маған тек тәңірлеріңнің біреу-ақ екендігі аян етілуде» (Кәһф, 18/110).

### **2. Уәһби истиғдәт (الإستعداد الوهبي)**

Пайғамбарларда Аллаһ сыйлаған бір қабілет бар.

اللَّهُ يُصْطَفِي مِنَ الْمَلَائِكَةِ رُسُلًا وَمِنَ النَّاسِ

«Аллаһ періштелерден де, адамдардан да пайғамбар таңдап белгілейді» (Хадж, 22/75).

### **3. Исмәт (бейкүнә/ عصمة)**

وَاصْبِرْ وَمَا صَبْرُكَ إِلَّا بِاللَّهِ وَلَا تَحْزَنْ عَلَيْهِمْ وَلَا تَكُ فِي ضَيْقٍ مِّمَّا يَمْكُرُونَ

«(Мұхаммед) Сабыр ет! Сабыр етуің – тек Аллаһтың жәрдемімен ғана. Оларға кейіме де құрған тұзақтарына бола аптықпа!» (Нахыл, 16/127).



#### 4. Ғайыпты білу (العلم الغيبي)

عَالِمُ الْغَيْبِ فَلَا يُظْهِرُ عَلَىٰ غَيْبِهِ أَحَدًا. إِلَّا مَنِ ارْتَضَىٰ مِنْ رَسُولٍ ...

«Ғайыпты білуші – Аллаһ. Оның сырын ешкімге ашпайды, бірақ ұнатқан елшісіне білдіреді» (ЖҰЫН, 72/26,27).

#### ә. Пайғамбарлардың міндеттемелері

(وظائف الرُّسُل)

##### 1. Тәблиғ (تبليغ)

يَا أَيُّهَا الرَّسُولُ بَلِّغْ مَا أُنزِلَ إِلَيْكَ مِنْ رَبِّكَ


«Ей Расул! Раббыңнан өзіңе түсірілгенді **жеткіз**» (Маида, 5/67).

##### 2. Баян (بيان)

وَأَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الذِّكْرَ لِتُبَيِّنَ لِلنَّاسِ مَا نُزِّلَ إِلَيْهِمْ

«Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық **баян** етерсің деп Құранды түсірдік» (Нахыл, 16/44).

#### Баян өз ішінде төртке бөлінеді:




Міне осылардың жиынтығы **СҮННЕТ** деп аталады.



## б. Пайғамбарлардың білім қайнаркөздері

(مصادر المعرفة للرسول)



## в. Сүннеттің діндегі маңызды орны жөніндегі аяттар мен хадистер

وَمَا آتَاكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَمَا نَهَاكُمْ عَنْهُ فَانْتَهُوا

«Сендерге пайғамбар не берсе, алыңдар да, неме-

неден тыйса, одан тыйылыңдар» (Хашыр, 59/71).



مَنْ يُطِيعِ الرَّسُولَ فَقَدْ أَطَاعَ اللَّهَ -

«Кім пайғамбарға бағынса, Аллаһқа бағынған болады» (Ниса, 4/80).

وَمَا كَانَ لِمُؤْمِنٍ وَلَا لِمُؤْمِنَةٍ إِذَا قَضَى اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَمْرًا أَنْ يَكُونَ لَهُمُ الْخِيَرَةُ مِنْ أَمْرِهِمْ وَمَنْ يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَقَدْ ضَلَّ ضَلَالًا مُبِينًا

«Сонымен қатар, Аллаһ және Елшісі бір іске үкім берсе, мүмін ер мен мүмін әйелдің де өздеріне тән бір таңдау құқықтары жоқ. Кімде-кім Аллаһқа, Елшісіне қарсы келсе, онда ашық адасқан болады» (Ахзаб, 33/36).

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ - وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ فَإِنْ تَنَازَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ - وَالرَّسُولِ إِنْ كُنْتُمْ تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا.

«Ей мүміндер! Аллаһқа бой ұсынып, пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа, пайғамбарға ұсыныңдар, егер Аллаһқа, ақырет күніне иман келтірген болсаңдар. Міне осы қайырлы да нәтижеде жақсы» (Ниса, 4/59).

## 2) Хадис

تَرَكَتُ فِيكُمْ أُمُورَيْنِ، لَنْ تَضِلُّوا مَا تَمَسَّكْتُمْ بِهِمَا: كِتَابِ اللَّهِ وَسُنَّةِ رَسُولِهِ

«Сендерге екі нәрсе қалдырып барам. Одан мықтап, бекем ұстасаңдар – жолдан таймайсыңдар. Ол – Алаһтың кітабы мен Расулдің сүннеті» (Муатта, Қадар, 3).

## II. ХАДИС ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ХАДИСТАНУ

### A. ХАДИС ҒЫЛЫМДАРЫ



### Ә. ХАДИСТАНУ / ХАДИС УСУЛІ (أصول الحديث)

**1. Анықтамасы:** Хадистерді сәнәт және мәтін арқылы түсінуге мүмкіндік беретін бір қатар қағидалар (әдістемелік) ғылымы.

**2. Қарастыратын мәселесі:** Сәнәт пен мәтінді қабылдау немесе кері қайтару.





**3. Мақсаты:** Хадистің дұрысын (сахих) бұрысынан (әлсіз, зайыф) ажырату.

**4. Маңыздылығы:** Араб тіліндегі «усул» (أصول) – «асыл» (أصل) сөзінің көпше түрі. Бір нәрсенің *асылы, негізі, түбірі, қайнаркөзі* деген мағыналарды білдіретін көпше түрдегі сөз. Терминдік мағынасы: *жол, бағыт, бағдар, жүйе, қағида, ереже, тәртіп* және *әдістеме* деген ұғымдарға келеді. Сонымен ***бұл сөз белгілі бір ғылымдағы негізгі қозғайтын мәселеден бұрын білуге тиісті негіздерді, ұстанымдар мен бастапқы ғылымдарды*** білдіреді.

Хадистану – методологиялық зерттеу жұмысы болғандықтан бұл ғылым терминдерді айқын түсінуді қажет етеді. Хадистануды кәдімгі автокөліктің моторына, яғни автобөлшектеріне ұқсатуға болады. Ал, автокөліктің қақпағы, айнасы, әйнегі және басқалары автобөлшектің жанында қосалқы бөлшек болып табылады. Аталмыш қосалқы бөлшекті қолдану және автокөлікті қажетінше пайдалану – мотор секілді автобөлшектердің ақаусыз жұмыс істеп тұруына байланысты. Сол автокөлік бөлшектерін хадис мәтіндеріне ұқсатуға болады. Бөлшектерді құрастыру арқылы көлікті жүргізуге болады. Көліктің жүруі де мотор секілді автобөлшектің жұмыла іске қосылуы арқылы жүзеге асады. Міне, сол секілді асыл дініміздің қайнаркөзі – сүннетті



қажетінше кәдемізге жаратып, көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін хадистану (усулі) ғылымы – қажетті ғылым саласына айналды.

## **5. Қысқаша тарихы**

Сүннет дерек-материалының бізге дұрыс әрі нақты жеткізілуі, мәтіндердің толыққанды сақталып, оның кейінгі ұрпаққа үйретіліп, адамзат пайдасына жарауы, сондай-ақ бұған көмекші құрал болатын әр түрлі зерттеулер мен тынымсыз ізденістердің басталуы, бәрі-бәрі – ардақты сахабаларымыздың арқасында жүзеге асқан аса абыройлы іс еді. Сахабалар хадис мәтіндерінің кейінгі ұрпаққа нақты жеткізілуіне алғышарттар жасады, яғни Хадис риуаяты (риуаятул-хадис) ғылымының негізін салды, сондай-ақ хадис риуаятының бұлтартпас, орнықты қағидалары болып табылатын Дириятул-хадис ғылымының алғашқы іргетасын қалады. Олардың хадис жеткізудегі талапшылдығы және шын мәнінде Хз. Пайғамбарға тән хадистерді жеткізу жолындағы табандылығы хадистану ғылымының алғашқы қағидаттарын жасады және заман өткен сайын хадистану ғылымы солар салған сүрлеумен жүріп, одан әрі жетілдіріле түсіп, бір жүйелі, дербес ғылымға айналды.



## **6. Ерекшелігі**

### **а. Негізгі түпнұсқалық ғылым**

Мұсылмандардан бұрын ешбір халық нақыл ету мен риуаяттағы рауилерге сенім артушылық жағдайларын анықтауда қандай да бір зерттеу жүргізу, мұны белгілі бір ережелерге бағындыру туралы түсінік тіпті ойларына да келмеген, кейде бірді-екілі есімдік сәнәттар айтылып өткенмен оны да көбінесе қажетсіне қоймаған. Сөйтіп хадистерді риуаят етушілерді жеке тұлғалық ерекшеліктеріне дейін егжей-тегжей зерттеп, сөзсіз, сәнәттың айтылуын басты негіз ретінде қабылдап, оны жүзеге асыру және осыған қатысты өте маңызды хадистану ғылымын қалыптастыру – тек қана мұсылмандарға тән айрықша қасиет болды. Сондықтан хадистану – теңдесі жоқ ғылым болып табылады.

### **ә. Аса қажырлы еңбектің жемісі**

Мұхаддистердің (хадисшілер) сахабадан кейінгі көрсеткен қажыр-қайраты, ерекше құлшыныстары арқылы бұл ғылым пайда болды.

### **б. Жүйелі ғылым**

Сәнәт және мәтін – хадистің ажырамас құрамдас бөлігі деп есептеліп, берік жүйе қалыптасты.


### **в. Қабілетті ғылым**

Бұл ғылымның арқасында сахих (шыншыл) пен зайыф (әлсіз) хадистің ара жігі ажыратылды.



## 7. Хадистанудың қайнаркөздері

(مصادر أصول الحديث)



Ибнус-Салихтың (өлг.ж. 643/1245) *Улумуль-хадис* атты еңбегі хадистануға қатысты арнаулы тақырыпта жазылған еңбектер үшін ұлы өзгеріс кезеңін қалыптастырды. Бұл еңбек өзінен кейін хадистануға қатысты жазылған еңбектерге дереккөз еңбек болды. Ол кейінгі кезеңдерде әр түрлі түсініктемелермен, ықшамдау шағын зерттеулермен, тіпті өлең-жырлармен толықтырылды.



## БІРІНШІ БӨЛІМ

### РИУАЯТ

(الرواية)

#### І. РИУАЯТТЫҢ АНЫҚТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚАФИДАЛАРЫ

##### А. Риуаяттың анықтамасы

*Риуаят* сөзі сөздікте *رواية* – *رَوَى* етістігінің тұйық етістігіне жатады, яғни етістіктен туындаған зат есім болып табылады. Риуаят – «апару», «тасу» және «жеткізу» деген мағыналарды білдіреді. Ал терминдік мағынасы: Хадисті үйрену және үйрету, сондай-ақ үйрету үлгілерінің бірі арқылы түпдерегіне сүйену. Мұны біз хамл, тахаммул, тәлаққи – яғни үйрену, мойнына алу, қабылдау және нақыл, әдә, тәблиғ – яғни үйрету, жеткізу деп атаймыз.

##### Ә. Риуаяттың әдептері

«Әдеп» – араб тілінен енген сөз. Оның көпше түрін «адаб» дейді, яғни қазақшасы *әдептер* болады. Бұл сөз – кез келген мамандық, кәсіп иесі бағынуға әрі жүзеге асыруға тиісті рухани, мағынауи ереже және ғылыми әдістеме дегенді білдіреді. Мұны екі тұрғыдан қарастыруға болады.

1. Хадис үйренуші шәкірттің әдептері.
2. Хадис үйретуші ұстаздың әдептері.

Бұл тақырыпқа жазылған еңбек Хатиб әл-



Бағдадидің (өлг. ж. 463/1071) *Әл-Жамили ахлақирауи уә адабис-сәмиғ* атты ең ауқымды еңбегі. Автор кітаптың атында айтылғандай, рауи (ұстаз) үшін ахлақ сөзін, ал самиг (шәкірт) үшін адаб (әдептер) сөзін қолдану арқылы ұстазға – ахлақ, этика, ал шәкіртке – адаб ең әуелі қажетті қасиет деген пікірді айтады.

## 1. Хадис оқушысының ұстанатын әдептері (адаб)

### а. Ықылас

Хадиспен шұғылдануда басты көзделетін нәрсе – тек қана Аллаһтың разылығы. Хадис ғылымының ғылымдар арасында аса үлкен орны бар. Сондықтан хадисті үйреніп, білу кіршіксіз көңіл бөлуді қажет етеді. Өйткені:

«نَصَرَ اللهُ أُمَّرَأً سَمِعَ مَقَالَتِي فَحَفِظَهَا وَوَعَاَهَا فَأَدَّأَهَا كَمَا سَمِعَهَا فَرُبَّ مُبَلِّغٍ أَوْعَى مِنْ سَامِعٍ.»

«Сөзімді естіп, оны жаттаған әрі жадында сақталған қалпында басқаларына жеткізген адамның жүзін Аллаһ Тағала жарқыратсын. Өйткені қаншама адамға жеткізілген (хадистер) бар, бірақ сол адамдар естіген адамнан анағұрлым жақсы ұғады» деген Пайғамбарымыздың (с.а.у.) осынау бір хадисі тек осы сүйінші хабарға ие болу үшін риуаят ету керек дегенді көрсетеді.



### **ә. Хадисті өз ісінің нағыз маманынан алу**

Хадис оқушысы бұл ғылымды ғалым әрі оны іске асырушы, сондай-ақ тақуа ұстаздардан алуы тиіс. Қажет болса, бұрынғы өткен хадисшілер орындағандай ұзақ сапарларға (рихлә) шығуды қаперден шығармау керек.

### **б. Амал ету**

Үйренгенімен амал ету – осы ғылымның зеке-тін берумен тең дәрежеде болады. Имам Шафидің ұстазы Уәки: «Хадисті үйренбек болсаң, онымен амал ет!», – деп насихат айтып кеткен.

### **в. Ұстазға деген құрмет**

Хадис үйреткен ұстазына құрмет көрсету – діни, ғылыми және ар-ождан жауапкершілігі болып табылады.

### **г. Жолдастарымен пікір алмасып, талқыға салу (мүзәкәра)**

Хадистің игілігін пайдаланғысы келген хадис оқушысы оқыған-тоқығандарын жолдастары арасында талқыға салып, өзара пікір алмасу арқылы білімін одан әрі шыңдаса, білген нәрсесін өзара бөлісудің тәсілін үйрене бастайды.

### **ғ. Рет-ретімен үйрену**

Хадис оқушысы хадисті бір сүремен әрі кезек-кезек, рет-ретімен үйренуге тырысу керек. Керісін-



ше жағдайда бірте-бірте ғылымнан жалығушылық пайда болады, қажытып шаршата бастайды.

#### **д. Хадистануға аса көңіл бөлу**

Хадис оқушысы үйренген білімдерінің ішінде тек нақты әдістемелік білімдерді ғана пайдалану керек. Ол үшін сенімді әрі танымал әдістемелік құралдарға (кітаптарға) иек арту қажет.

## **2. Хадис ұстазының әдептері (адаб)**

### **а. Ықылас**

Хадис үйретуге бастаған ұстаз, сонымен қатар өз еркімен ақысыз білім үйретуге де ниет еткені жөн. Өйткені ықылас, ынта – амалдың мән-маңызы әрі рухы саналады. Ислами ғылымдар – ұлы ахлақты қажет ететін аса шоқтығы биік ғылым санатында. Ал хадис ғылымы солардың алғашқы қатарынан орын алады. Сондықтан хадис ұстазына басқаларға карағанда анағұрлым рухы биік, жоғары тұрғаны жарасады. Хадисшілерді – Хз. Мұхаммедтің (с.а.у.) жақындары екендігін жадымыздан шығармаған жөн. Әлбетте пайғамбармен жолдастық етпегенімен де, олар Пайғамбармен әрдайым рухани сұхбатта болады.

### **ә. Орнын білу**

Хадис ұстазы, қай жасқа келсін, егер өз ісінің нағыз маманы болмайынша, хадис үйретуге және риуаят етуге асықпауы тиіс.





## **б. Өзінен де білімді, нағыз ұстазға деген құрмет**

Өзінен жасы үлкен, білімі жоғары ұстаздарының алдында ұстаздық етуге асықпау – хадис ұстаздарының бойынан табылуға тиісті игі істердің бірі.

Мұғтемір бин Сүлеймен хадис оқып жатқанда, Абдуллаһ бин әл-Мұбарак келіп қалады. Сонда Мұғтемір дереу сөзін доғарды. Сұрағандарға ол: «Біз үлкендердің алдында тұрып, сөз қозғамаймыз!», – деп жауап береді.

## **в. Шатасу жағдайында хадис риуаят етуді доғару**

Хадис ұстазы шатасу ықтималдылығын байқаған мезетте хадис риуаят етуді дереу тоқтату керек. Бұл – бір хадис ұстазының бойынан табылуы тиіс діни, ғылыми және ахлақи жетістік әрі жауапкершілік болса керек.

## **г. Хадиске және хадис мәжілістеріне аса көңіл бөлу**

Бұл – ұстаздың сыртқы келбетінен, киген киімінен бастап, сабақ беру тәсіліне дейінгі жүйелі ережелерге көңіл бөлуі және ұшқары түсініктерге жетелейтін әр түрлі іс-әрекеттер мен келеңсіз жағдайлардан қашу дегенді білдіреді. Яғни ұстаз салмақтылық танытып, шәкірттеріне қажетті нәрселерді үйретуге міндетті. Имам Мәлік – осындай қасиетке ие хадисшілердің бірі еді.



## ғ. Ғылыми жұмыстармен шұғылдану

Ғылымға және адамдыққа өз үлесін қосу үшін заманның шарттары мен қажеттіліктерін ескере отырып, бірқатар ғылыми жұмыстармен айналысу адами ізгі істерге жатады. Ғылымның мән-маңызы да осында жатыр. Бұрынғы өткен хадисшілерге қарап отырсақ, олардың осындай ізгі амалдардан кенде еместігін байқауға болады. Олардың хадистерді әуелі кітап халіне келтіруін, кейін жинақталған материалдардың әр түрлі әдістерге классификациялануын әрдайым осынау ғылыми жұмыстарынан көруге болады.

## Б. РИУАЯТТЫҢ ҚАСИЕТИ

(كيفية الرواية)

### I. Үйрену және үйрету жолдары

(طُرُقُ التَّحْمِيلِ وَالْأَدَاءِ)

Риуаяттың қасиеті дегеніміз – хадисті үйрену және үйрету жолдары (طُرُقُ التَّحْمِيلِ وَالْأَدَاءِ). Ол сегізге бөлінеді:

#### 1. Сәмағ (есту/السماع)

*а. Анықтамасы:* Ұстаз жатқа немесе жазба мәтіннен хадис риуаят етіп, шәкірті тікелей сол ұстаздың өз аузынан хадисті естуін *сәмағ* дейді.

Шәкірт хадистерді бір ұстаздан, не бір мәжілісте



көпшілік қауыммен бірге немесе жалғыз өзі отырып тыңдайды. Егер мәжілісте тыңдаса, ондай мәжілісті «مَجْلِسُ الْحَدِيثِ» деп атайды. Егер ұстазы риуаят етіп отырған хадисін жаздырса, мұны «إِمْلَاءٌ» дейді. Мұндай мәжілістің түрін «مجلس الإملاء» дейді. Ұстазды «مُتَمَلِّيٌّ», шәкіртті «مُسْتَمَلِيٌّ», ал жазылған кітаптарды «أَمَالِيٌّ» деп атайды.

ә. Риуаяттық сөздері:

..... حَدَّثَنِي فُلَانٌ، أَخْبَرَنِي فُلَانٌ، سَمِعْتُ فُلَانًا، ذَكَرَ لِي فُلَانٌ .....

## 2. Қырағат = Арз (القراءة/оқу)

а. Анықтамасы: Шәкірт жатқа немесе жазба мәтіннен бұрынырақта ұстазынан естіген хадистерін оқып, ұстазының жаттаған хадисін яки жазба мәтінін қадағалап отырса, оны қырағат деп атайды.

ә. Риуаяттық сөздері:

..... حَدَّثَنَا فُلَانٌ قِرَاءَةً عَلَيْهِ .....

قُرَأْتُ عَلَى فُلَانٍ وَهُوَ يَسْمَعُ ، قُرِئَ عَلَيَّ فُلَانٌ وَهُوَ يَسْمَعُ

## 3. Ижзат (рұқсат беру/الإجازة)

а. Анықтамасы: Ұстаз сәмағ және қырағатсыз-ақ естіген хадистерін яки кітаптарын өз шәкіртінің әрі қарай риуаят етуіне ауызша не жазбаша түрде рұқсат беруін ижзат дейді.

ә. Риуаяттық сөздері:




أخبرني إجازةً، حدثني إجازةً، .....  
أَجَازَ لِي فُلَانٌ، أَجَزْتُ لَكَ بَعْضَ مَسْمُوعَاتِي.....

#### 4. Мунауәлә (ұсыну/المناولة)

а. *Анықтамасы:* Сөздік қорда бұл сөз "ұсыну, тапсыру, беру" сияқты мағыналарды білдіреді. Хадис ғылымындағы терминдік ұғымы: Ұстаздың өз шәкіртіне риуаят ету үшін бір кітап яки жазбаша мәтін беруін *мунауәлә* деп атайды.

ә. *Тармақтары*



б. *Риуаяттық сөздері:*

نَاوَلَنِي وَأَجَازَ لِي فُلَانٌ  
حَدَّثَنِي فُلَانٌ مِّنْأَوْلَةٍ وَ إِجَازَةً.....

#### 5. Китәбат (жазу/الكتابة)

а. *Анықтамасы:* Ұстаздың жанында болған не болмаған шәкіртіне бір немесе бірнеше хадис жазып беруін, яки жаздырып беруін яки боламаса жаздырып жіберуін *китәбат* дейді.



ә. *Тармақтары*

بالإجازة

بدون الإجازة

б. *Рууаяттық сөздері:*

كَتَبَ إِلَيَّ فُلَانٌ  
..... حَدَّثَنِي فُلَانٌ كِتَابَةً وَ إِيْجَازَةً .....

## 6. Иғләм (білдіру/الإعلام)

а. *Анықтамасы:* Ұстаз рұқсат беру туралы сөз қозғамай-ақ, белгілі бір хадисті немесе хадис кітабын «هذه روايتي = Менің рууаятым міне осы» деп білдіруін *игләм* дейді.

ә. *Рууаяттық сөздері:*

أَعْلَمَنِي شَيْخِي بِكَذَا

## 7. Уасият (өсиет ету/الوصية)

а. *Анықтамасы:* Ұзақ сапарға шыққалы не өлгелі жатқан ұстаз рұқсат беру туралы (ижәзат) сөз қозғамай, кітабын шәкірттерінің біреуіне өсиет етіп қалдыруын *уасият* дейді

ә. *Рууаяттық сөздері:*

أَوْصَى إِلَيَّ فُلَانٌ بِكَذَا  
..... حَدَّثَنِي فُلَانٌ وَصِيَّةً .....



## 8. Уижәда ( табу/الوجادة)

а. *Анықтамасы:* Естімей (сәмағсыз) әрі рұқсат (ижәзат) алмай-ақ шәкірттің жазбаша хат яки кітап тауып алуын *уижәда* дейді.

ә. *Риуаяттық сөздері:*

وَجَدْتُ بِخَطِّ فُلَانٍ

## II. Риуаяттық сөздердің маңыздылығы

1. *Мақбул және мәрдуд хадистердің ара-жігін ажырату:* Риуаяттық сөздер – мақбул және мәрдуд хадистердің арасын ажырата білудің бірден бір жолы.

2. *Рауиді тексеру:* Рауи хадисті қандай үйрену жолымен алғанын тәптіштеп баяндайды, тексереді. Ал біз оның дұрыс не бұрыс айтқанын хадис ұстазы арасындағы қарым-қатынасын назарға ала отырып, біле аламыз.

3. *Риуаяттар арасынан таңдау жүргізу:* Сәмағтан уижәдаға дейінгі хадистердің үйренілуі мен үйретілуі қуаттылығы жағынан әлсіз жағына қарай төмендеу белгілерін байқата бастайды. Сондықтан сәмағ жолымен алынған бір хадистің орнына қырағат таңдалады. Басқа жолдар да осы тәртіппен бірінен бірі таңдалады.



### III. Хадисті үйрету әдістері

(طرق تعليم الحديث)

الْحَلِّ وَ الْبَحْثِ

Түсініктемесі берілуге тиісті тұстарынайқындау әдісі. Хадисті сәнәт және мәтіндік жағынан жеткілікті түрде ашып көрсету әдісі

السَّرْدِ

Оқып өту әдісі. Хадистерге қандай да бір түсініктеме берілмей-ақ, өзара жатқаоқутәсілімен оқылуы

الإِمْعَانِ

Кеңінен тарқатыла түсініктеме беру әдісі. Әңгімелеп, баяндап айтушылардың негізгі қолданатын әдістері. Әр тақырып, мәселе тереңнен әрі кеңінен түсіндіріледі

### V. РИУАЯТТЫҢ СИПАТЫ

(صفة الرواية)

#### 1. Мағыналық жағынан риуаят ету *رواية الحديث بالمعنى*

Хадис сөздерінің мағынаны бұзбайтындай түрде синонимімен ауыстыру арқылы риуаят етілуі. Төрт мазхап имамдарының басым бөлігі тілге жүйрік, әдебиеттен мол хабары бар адамның белгілі бір шарттарды ұстана отырып хадистерді мағыналық тұрғыдан риуаят етуі жөн саналады деген көзқараста. Құран Кәрімнің жеті қырағатпен оқылуына рұқсат етілуі, араб еместерге дінді өз тілдерінде түсіндірілуі мағыналық тұрғыдан риуаят етудің жөн екендігіне негіз болды. Хадисті мағыналық тұрғыдан риуаят ететін адам қажетті



шарттарға бағынуға тиіс. Шарттар жүзеге аспаған жағдайда мағыналық тұрғыдан риуаят ету дұрыс емес. Олар төмендегідей:

## 2. Сөз жағынан риуаят ету *رواية الحديث باللفظ*

Хадистер Хз. Пайғамбардан (с.а.у.) естілген күйі сөзбе-сөз, дәл сол қалпында риуаят етілуін айтады. *نضر الله امرءا* хадисінде орын алған *سمعها كما* бөлігі – сөзбе-сөз риуаятты жақтайтындардың сүйенген дәлелі болып табылады. Хадисті риуаят етудегі басты мұрат – сөзбе-сөз риуаят ету. Дегенмен бұл шарттар хадистің осылайша риуаят етілуін қиындатып жібергенін мойындау керек. Сайып келгенде, хадис-терде көбіне ең маңыздысы – оның мағына, мазмұны.

1. Хадисті мағыналық тұрғыдан риуаят ететін адам әуелі сөздердің ұғымдарын нақты білуге тиіс.

2. Сөздер ауыстырылған жағдайда олардың синонимі қолданылуы керек.

3. Мағыналық тұрғыдан риуаят ететілетін хадистің сөздері құлшылыққа қатысты хадис болмауға тиіс.

4. Хадис сипат хадистері сияқты бір-біріне ұқсас (мүтәшәбиһ) болмауға тиіс.

5. Аз сөзбен көп мағына беретін хадистер болмауы керек.

6. Сөздері ауыстырылған хадис ұғымының айқындылық және күңгірттігі жағынан бірдей дәрежеде болмауы керек.





7. Хадистің түпнегізі жадында бола тұра, мағыналық тұрғыдан риуаят етпеуі керек.

8. Кейбірғалымдармарфуғхадистердімағыналық тұрғыдан риуаят етуді жөн көрмейді.

9. Хадисті мағыналық тұрғыдан риуаят ететін адам сол риуаяттың соңында («осыған ұқсас бір нәрсе айтты» деген мағынадағы) **أَوْ كَمَا قَالَ** немесе **مِثْلَهُ** , **نَحْوَهُ** сияқты сақтық, қырағылық сөйлемдерді қолданады.

Мағыналық тұрғыдан хадис риуаят ету – риуаят етудің алғашқы жарты ғасыры бойынша назар аудартып келген өзекті мәселе болды. Хадистер кітапқа жазылғаннан кейін ғана кейбір түйіткілдердің түйіні шешілді. Бұдан кейінгі жерде кітаптарда аталып өткен сөзбе-сөз риуаят ету қажеттілігі туындай бастады.


Бұл тақырыпқа қатысты Абдуллаһ Хикмет Атанның «Мағыналық тұрғыдағы хадис риуаяты» атты диссертациясы бар. Ол 2000 жылы қорғалып шықты.



## II. ХАДИС ТАРИХЫ

(تاريخ الحديث)

Хадис тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:



### 1. Жатталу және жазылу кезеңі (الحفظ و الكتابة)

Хз. Пайғамбардың (с.а.у.) көзі тірісінде сахабалар хадистерді жаттап жүретін. Бірақ хадистердің жазылуы сиректеу еді. Бір қатар сахабаны қоспағанда, хадис жазушылар жоқ дерліктей еді. Өйткені Расулаллаһ (с.а.у.) хадистерді жазуға тыйым салған болатын. Әбу Сайд әл-Худри жеткізген бір хадисте Хз. Пайғамбар (с.а.у.):

«لا تَكْتُبُوا عَنِّي وَمَنْ كَتَبَ عَنِّي غَيْرَ الْقُرْآنِ فَلْيَمْسَحْهُ»

«Құраннан басқа, менен еш нәрсе жазбаңдар. Жазған адам болса, оны жойсын» деген. (Мүслим, Зухд, 72).

Ғалымдар ол кезде жазу-сызу білетін сауатты адамдардың аз болғанын және хадистердің Құран Кәрімге араласып кету қаупі туындағанын мұның басты себебі ретінде көрсетеді.

Дегенмен Хз. Пайғамбар кейбір сахабаларына ғана хадистерді жазуына рұқсат еткен-ді. Бір



хұтпаның Әбу Шах (р.а.) үшін жазылу керектігін айтқан Рафи бин Хадишке де хадисті жазуына рұқсат берген. Бұл жайттар хадистерді жазуға болатынына дәлел болды.

Расулаллаһ (с.а.у.) дүниеден өткеннен кейін хадистер қауырт жазыла бастады. Деректерде Хз. Әбу Бәкірдің өзі жазған 500 хадисті кейінен түпнұсқасынан алшақтап кетеді-ау деген оймен жойып жібергендігі, Хз. Омардың хадистерді жинастырмақ ойы болғанмен, адамдар Құран Кәрімге аса көңіл бөлмей, тәрк етуі мүкін деген қауіппен бұдан бас тартқандығы айтылады.

Сол кезеңнен қазіргі күнге дейін жеткен құнды еңбек – Әбу Хурайраның өз шәкірті Хаммам бин Мунаббихке жаздырған «әс-Сахифатус-Сахихасы». Ішінде 138 хадис қамтылған бұл кітапша хадистердің сол кезеңнің өзінде-ақ жазылғанына нақты айғақ болады. Сондай-ақ Жәбир бин Абдиллаһтың «Сахифасы» мен Абдуллаһ бин Әмірдің «әс-Сахифатус-Садикасы» деректерде аты аталғанмен, қазіргі заманға дейін жетпеген сол кезеңге тән жазба хадис еңбектерінің бірі. Алайда сол кезеңдегі жазба еңбектер арнаулы тақырыптағы еңбектер ретінде қазірге дейін жетпесе де, кейінгі кезеңдерде жіктелген (тасниф етілген) кітаптар қатарына қосылды.



## 2. Жинақтау, топтастыру (тәдуин) кезеңі (التدوين)


«Тәдуин» араб тілінің сөздік қорында *топтастыру, жинақтау* деп көрсетіледі. Хижри I ғасырдың аяғы мен II ғасырдың бас кезінде хадистерді бір ізге түсіріп, топтастыру жұмысы басталды. Хадистер тұңғыш рет ресми түрде Халифа Омар бин Абдулазиздің жарлығына сәйкес хижри 100 жылы Ибн Шихаб әз-Зухридің басшылығымен топтастырылды. Сондықтан Имам Зухри «المُدَوِّنُ الْأَوَّلُ» = хадисті тұңғыш жинақтаған тұлға» деген атпен тарихта қалды. Бұл қарқынды, келелі іске «Ресми жинақтау» аты берілді. Бірақ бұл мерзімнен бұрын да хадистерді жекелеген адамдардың талпынысымен бір ізге түсірушілік әрекеті байқалды. Сөйтіп, жинақтау кезеңін хижри I ғасырдың соңғы ширегі мен II ғасырдың бірінші ширегінде, яғни 50 жылдық кезең ретінде көре аламыз.

## 3. Жіктелу (тасниф) кезеңі (التصنيف)

Бұл кезең – топтастырылған хадистердің кейбір критерийлерге сай жіктелу кезеңіне жатады. II ғасырдың бірінші ширегінен бастап, негізгі хадис еңбектері пайда болғандығы байқалады. Олардың ең маңыздыларының бірі – Йеменде жіктелген «әл-Жәмиғ» атты Мағмар бин Рашидтің (өлг. ж. 1-53/770) фикһи заңдылықтарға сай жазған кітабы болып табылады.



Бұл кезеңде жіктелген кітаптарды *риуаяттық дерек-материалдар* дейміз. Оны екі тармаққа бөліп қарастыруға болады:



## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### I. РАУИ (الراوي)

#### A. Анықтамасы

Сөздік қорда *тасушы* (ناقل) және *жеткізуші* (حامل) деген мағыналарды білдіреді. Ал хадис ғылымындағы терминдік мағынасы:

مَنْ تَلَّقَى الْحَدِيثَ وَأَدَّاهُ بِصِيغَةٍ مِنْ صِيغِ الْأَدَاءِ

Үйрету үлгілерінің бірі арқылы хадис жеткізген адамды *рауи* дейді.

### Ә. РАУИДЫҢ СИПАТТАРЫ (اوصاف الراوي)



#### 1. Әділет

Рауидің өзіне сөзі сай турашыл, әділ болуы. Мұндай рауиді әділ (عادل) рауи деп атайды.

**Әділеттіліктің шарттары (شروط العدالة):**

Әділеттілік сипаты 5 тармаққа бөлінеді. Олар төмендегіше.

Егер осылардың біреуі болмаса, рауи әділеттілік сипатын жоғалтады:

1) **Ислам (إسلام):** Хадисті естігенде мұсылмандыққа кірмеген болса, онда хадисті тек



мұсылман болған соң риуаят ете алады. Мұсылман кезінде естіген хадисін діннен шыққан жағдайда риуаят ете алмайды.

**2) Ақыл (عقل):** Оң-солын айыра білу қабілеті. Жақсы мен жаманның, пайда мен зиянның парқын, ақшаның құнды тауар екенін білетін балада мұндай қабілет бар.

**3) Балиғат (بالغ):** Жас бала естіген хадисін балиғатқа толғанда ғана риуаят ете алады. Себебі оған дейін баланың жауапкершілік сезімі мықты орнығып бітуі керек.

**4) Тақуалық (تقوى):** Үлкен күнәлардан сақтанып, кіші күнәлардан бойын аулаққа салуы.

**5) Адамгершілік (муруат/مروءة):** Адамдық, яғни тұлғалық қасиетін бекем қалыптастырып, өмір сүрген қоғамы айыптамайтындай адами және ғұрыптық ерекшеліктерге ие әрі қадірлі, құрметті болуы тиіс.

## 2. ЗЕРЕКТІК (ЗАБТ)

Рауидың естіген хадисін қаз-қалпында естіген күйінде риуаят ету ерекшелігі. Мұндай рауиді зерек (забит/ضابط) деп атайды.

**Зеректіктің (забыттың) шарттары (شروط الضبط):**

Ол төртке бөлінеді:

**1) Мұтаяққиз (متيقظ):** Көкірегі ояу болу, яғни бейғам болмау деген сөз. Яғни нені риуаят етіп отырғанын жақсы білетін, құймақұлақ әрі тым



көңілшектікке салынып әркімнің сөзіне еріп кетпейтін болуы.

2) **Хафиз (حافظ):** Жаттағандарынан риуаят ететін болса, әуелі жақсы жаттап алуы тиіс.

3) **Забит (ضابط):** Кітабынан риуаят ететін болса, кітабын мықты қорғауы тиіс.

4) **Ғалым (عالم):** Мағыналық тұрғыдан риуаят ететін болса, мағынаны бұзатын сөздерді айқын білуі керек.

Рауилердің сенімділігін (сиқа), яғни жоғарыда аталып өткен сипаттардың рауи бойынан табылуын қарастыратын хадис ғылымының бір саласы – **Жәрх және Тағдил ғылымы.** (علم الجرح و التعديل).

## II. РАУИДІ СЫНИ-ТАЛДАУ (نقد الرجال)

### A. Жәрх-Тағдил ұғымы және принциптері

#### 1. Жәрх (الجرح)-Тағдил (التعديل)

Араб тілінің сөздік қорында *жаралау, жарақаттау* мағынасына келетін **جَرَحَ** сөзі хадис ғылымының терминдік ұғымында *рауидің сенімді еместігін анықтау* дегенді білдіреді. Ал тағдил (التعديل) дегеніміз – сөздікте *ақтау, тазалау*, терминдік мағынасы *рауидің сенімділігін анықтау*.

Әрине бір адамның кемшілігін, мінін қарастыруға Ислам дінінде тыйым салынған. Десе де, жарх және тағдил ғылымының мақсат-мұраты – асыл дініміздің толыққанды қорғалып сақталуына бағытталғандықтан, ол игілікті әрі






нәтижелі ғылыми іс саналды. Мәселен, «сіз сынға алған адамыңыз ақыретте алдыңыздан дұшпан болып шыға келеді деп қорықпайсыз ба?» деген сұраққа Яхия бин Сайд әл-Қаттан: «Бұлардың дұшпандығына тап бола қоймаспын. Өйткені, хади-сін қорғай алмағаным үшін Расулаллаһтың маған дұшпан болып шығуынан ол әлдеқайда қайырлы!» – деген еді.

Қолымызда бар жарх және тағдил кітаптарында шамамен 20 мыңдай рауилердің жағдайлары қарастырылады. Олардың басым бөлігі – хижри жыл санауының алғашқы төрт ғасырында өмір сүрген рауилер.

## 2. Жарх және Тағдил ғалымдары

(علماء الجرح و التعديل)

Жарх және Тағдил ғалымдары кәсіби деңгейлеріне қарай үшке бөлінеді:



### 3. Жарх және Тағдилдің принциптері

(مبادئ الجرح والتعديل)

1) Жарх және тағдил жасайтын адам сыни талдаудың себептерін білетін әділ әрі көкірек көзі ояу, парасатты адам болуы керек.

2) Тағдил жасаудың себебі айтылмаса да, қабыл етіле береді. Ал жархтың себебі түсіндірілсе ғана қабыл етіледі.

3) Сенімге тұрарлық, яғни көзі ашық, парасатты адамның сөзімен жасалған жарх та, тағдил де дұрыс саналады. Бірқатар адамның берген үкімі есепке алынбайды.

4) Сика (өте сенімді) рауидің حَدَّثَنِي ثَقَّةً деуінен оған тағдил жасау жеткіліксіз.

5) Ғалым адам өзінің риуаят еткен хадисімен амал етуі және қажет болса, пәтуа беруі – әрине, хадистің дәлдігін және рауилердің тағдилге лайық екендігін білдірмейді. Сондай-ақ ғалымның риуаят етілген хадиске қарсы пікірде болуы да хадистің және рауилердің зайыф (әлсіз) екендігіне дәлел бола алмайды.

6) Рауи бір жағынан жарх, екінші бір жағынан тағдил етілетін болса, онда жарх пен тағдил өзара қайшылықты жағдайда қалады. Ондай жағдайда:

а) Әуелі жарх және тағдил жасайтын ғалымдарға қарау керек. Мутауассит болғандардың қарастырғандары қабылданады.

ә) Барлығы да мутауассит болса, бірақ муғаддилдер сан жағынан көп болса да жарх еті-



лу таңдалады. Өйткені жарх етуші сыншыда муғаддилде жоқ көптеген мағлұмат бар болуы мүмкін.

## Ә. АЙЫБЫН ҚАРАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ

(المطاعن العشرة)

طَعَنَ мағынасында қолданылады. *Сыннан өткізу, айыптау, қаралау* дегенді білдіреді. Ал *مَطَاعِن* дегеніміз – бір адам жөнінде жаман сөздер айту деген мағынада қолданылады. Хадис ғылымының діни терминдік ұғымында рауидің әділеттілік және зеректік (забт) сипаттарына зарары тиетін кемшіліктер дегенді білдіреді. Бұл кемшіліктердің бесеуі – әділеттілікпен, қалған бесеуі – зеректікпен (забт) байланысты. Олар төмендегіше:



## المطاعن العشرة للعدالة

بِدْعَةُ الرَّوَايِ <sup>2</sup>	جَهَالَةُ الرَّوَايِ <sup>1</sup>	فِسْقُ الرَّوَايِ	إِتِّهَامُ الرَّوَايِ بِالْكَذِبِ	كُذْبُ الرَّوَايِ
Рауидің бидғатшылар қауымынан болуы.	Рауидің беймәлім болуы.	Рауидің күнә жасаған (пасық) біреу болуы.	Рауидің күнделікті өмірде жалған сөйлеуі.	Рауидің хадистің риуаятында жалған сөйлеуі.
مُبْتَدِع	مَجْهُول	لَيِّنُ الْحَدِيثِ	مُتَّهَمٌ بِالْكَذِبِ	Рауиді ... كَذَّابٌ، وَضَّاعٌ ... дейді.
منكر	مُهْمَل	مُنْكَر	مُتْرُوك	Оның риуаятын مَوْضُوعٌ дейді.

### 1. جهالة الراوي

عينا أو ذاتا

Рауидің қандай тұлға екендігі айқындалмауы.

Бұл – риуаят етуші адам тарапынан есімі және сенімді (сиқа) екендігі айтылса да одан тек бір ғана адам хадис риуаят еткен әрі ғалымдарға беймәлім рауи. Мұндай рауиді жарх және тағдил ғалымдарының бірі анықтап дәлелдесе, рауидегі беймәлімдік (жәһәлет) сипаты жойылады да танымал (мағруф) рауиге айналады.

حالا

Рауидің жарх және тағдилдегі орнының айқындалмауы. Бұл – **екі не одан да көп** рауи оның есімін анық айта отырып, хадисін риуаят етсе де, жарх және тағдил жағынан жағдайы белгісіз адам. Мұны **Мәстур** деп те атайды.



## 2. بدعة

البدعة الصُّغرى  
البدعة خَيْرُ المَكْفرة

Алғашқы шиғалар осы топқа жатады.

Осы топқа жататын рауилер, егер өз мазхабтарын үгіттемеген жағдайда риуаяттары қабыл алынады дейді ислам мухаддистері

البدعة الكبرى  
البدعة المكفرة

Рафизилер (екі жүзділер) осы топқа кіреді.


Шынтуайтына келгенде, Бұхариде осындай рауилер кездеседі.

### المطاعن العشرة للضبط

سوء الحفظ	مُخَالَفَةُ النَّقَات	وَهُم	فَرَطُ الْعَفَلَةِ	كَثْرَةُ الْعَلَّةِ
Рауидің жаттау қабілетінің төмендігі және ұмытшақтықпен жиі-жиі жаңылысуы. Мұндай рауиді سَيِّئُ الْحِفْظِ дейді.	Зайыф рауидің сика (өте сенімді) рауимен немесе сика рауидің өзінен де жоғары сика рауимен бәсекелесе отырып, хадис риуаят етуі.	وَهُم Жаңылысу деген сөз. Яғни рауидің хадисті риуаят етуде ұсақ-түйек қателік жасауы.	فَرَطٌ-فُرُوطٌ Қателігі мен кемшілігінің белгілі болуы. Рауидің тым бейғам, әр сөзге еріп кететін көңілшек болуы.	Хадис риуаят етуде көп қателікке ұрынуы. Бұл – 50/100 пайыз немесе одан көп қателік жасауы
مُنْكَرٌ	مُنْكَرٌ	مُعَلَّلٌ	مُنْكَرٌ	مُنْكَرٌ

## Б. Жарх және тағдил жұмыстарынан кейінгі рауилер (الرواة بعد عمليّة الجرح والتعديل)

Рауилер әуелі жағдайларының белгілі яки белгісіздігі тұрғысынан екіге бөлінеді:



## مَعْرُوف

### مُعَدَّل

Тағдил сынынан өткен рауилер Бұлар сиқат (өте сенімділер) тобын құрайды.

### مَجْرُوح

Жарх сынына ұшыраған рауилер. Бұлар зайыфтар (әлсіздер) тобын құрайды. Матрукин деп те атайды.

### В. Жарх және тағдил көркем әдебиеттері

Ибн Әби Хатимнің *әл-Жарх уәт-Тағдил*, ал, Ибн Хажардың *Тақриб* атты еңбегінде сиқа әрі зайыф рауилерді өзара қатарластырып, араластырып қарастырады.

## III. РАУИДІҢ БЕЛГІЛІ БОЛУЫ (مَعْرِفَةُ الرَّجَالِ/тұлғатану)

### А. РАУИ ТОПТАРЫ (طبقات الرواة/Табақа)

Бұл мәселемен хадис ғылымының бір саласы тұлғатану (мағрифатур-рижәл) немесе тұлғалар туралы ғылым (ғилму-рижәл) айналысады.

#### 1. Анықтамасы:

Топ сөзін араб тілінде *табақа* деп атайды. Ашып айтқанда, *табақа* (الطبقة) деген кез келген қызметте ортақ болған адамдарды білдіреді.

Ал хадис ғылымының терминдік ұғымында, жас жағынан замандас және хадис риуаят етуде бір уақытта өмір сүрген рауилер тобы.

#### 2. Айқындалуы:

Топтың айқындалуында мына төрт жайтты білу қажет:







ету деген сөз. Бір нәрсені істеуші (исму-фағил) тұлғасында тұрған **صاحب** сөзінің көпше түрі, **صَحْبٌ**, **صَحَابَةٌ**, **أَصْحَابٌ** болып келеді.

Ал терминдік ұғымы:

مَنْ لَقِيَ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُسْلِمًا وَمَاتَ عَلَى الْإِسْلَامِ = Хз. Пайғамбармен мұсылман күйінде кездескен және мұсылман болып дүниеден өткен адамдарды сахаба дейді.

Бұған қоса, Расулаллаһты (с.а.у.) тірісінде мұсылман адам ретінде өз көзімен көргендер әрі мұсылман болып өлгендер, сондай-ақ балағат жасына толмаса да жақсы мен жаманды ажырата алатын кішкене жас балалар мен соқырлар да осыларға жатады. Ал рухани әлемде немесе түсінде пайғамбарды көргендер сахаба саналмайды.

## б. Сахабаның діндегі орны

(مكانة الصحابة في الإسلام)

Аят: Тәубе сүресі: 100

«وَالسَّابِقُونَ الْأُولُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارِ وَالَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ بِإِحْسَانٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ.»

«Мұхажир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерге Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһқа разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астары-



нан өзендер ағатын жәннаттар әзірледі. Міне, осы – ұлы жеңіс».

Хадис: Бұхари, Тирмизи, Ибн Мәжа, Ахмед бин Ханбал

«خَيْرُ النَّاسِ قَرْنِي ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ»

«Адамдардың ең қайрылылары – замандастарым, (одан кейінгісі) содан кейін келгендер, содан кейін келгендер».

### **в. Сахабаны тану жолдары**

1. Тәуәтур арқылы: Ашара-и мубашшара осы арқылы білінеді.

2. Атағы арқылы: Димам бин Салабаны (р.а.) осы арқылы тануға болады.

3. Куәлік ету арқылы: Бір сахаба не табиғун өзге біреудің сахаба екендігіне куәлік етуі.

4. Растау арқылы: Бір адам өзінің сахаба екенін айтып, растауы. Бұл растау ісі тек ең соңғы хижри 110 жылы қайтыс болған сахаба Әбу Туфайл Әмір бин Уасила әл-Ләйс (ابو الطفيل عامر بن واصلة الليثي) (р.а.) дүниеден өткен кезеңге дейін жарамды саналады.

### **г. Мұхадрамун (المخضرمون):**

Мұхадрамун – Хз. Пайғамбар (с.а.у.) заманында өмір сүріп, бірақ оны көру бақытына ие бола аламаған табиғин адамдар. Мәселен, ең әйгілі мұхадрам деп Уайс әл-Қараниді айтсақ болады.



## ғ. Сахабаның хадис риуаятындағы орны

(الصحابة في رواية الحديث)

1) Сахабаның хадис риуаят ету стилі

(أسلوب الصحابة في رواية الحديث)

а. Тасаббут және тахарри (الثبت و التحري)

«Тасаббут және тахарри» араб тілінің сөздік қорында *сұрастыру, тергеу, ақиқатын ізде-стіру және тексеру* мағынасын білдірсе, хадис ғылымының терминдік ұғымында *«сахабаның аса ықтияттылықпен әрі нақты пікірге тоқталмайынша, хадис риуаят етпеуі»* деген түсінікті береді.

ә. Хз. Пайғамбардың (с.а.у.) атына жалған сөз айтудан қашу.

«مَنْ كَذَبَ عَلَيَّ مُتَعَمِّدًا فَلْيَتَّبِعُوا مَقْعَدَهُ مِنَ النَّارِ.»

*«Кімде-кім менің атыма жалған сөз айтса, тозақтағы орнына дайындала берсін!»*

б. Хадис алу жолындағы сапарлар (الرَّحْلَةَ)

Мұны арабаша «рихлә» (الرَّحْلَةَ) дейді. Бұл сапарлар алғаш рет сахабалардан бастау алды. Мұның мақсаты – түп негізінен білім алып, жоғарғы тізбек ұшына (иснат) қол жеткізу әдісі болып табылады. Осы сахабалардың ең әйгілілері Әбу Аюб әл-Ансари (р.а.) және Жәбир бин Абдиллаһ (р.а.).

2) Риуаят еткен хадистердің саны

(الصحابة باعتبار عدد رواياتهم)



Риуаят еткен хадистерінің саны жағынан сахабалар екіге бөлінеді.

**Муксирун**  
(مُكْتَرُونَ)

Мың және одан көп хадис риуаят еткен сахабалар

1. Әбу Хурайра (5374 хадис; Қайталанып келген хадистерді қосқанда 1579 хадис)
2. Абдуллаһ б. Омар (2 630)
3. Хз. Айша (2210)
4. Әнәс б. Мәлік (2286)
5. Абдуллаһ б. Аббас (1660)
6. Жәбір б. Абдиллаһ (1540)
7. Әбу Сайд әл-Худри (1170) Р.а.

**Муқиллун**  
(مُقَلَّلُونَ)

Мыңнан неғұрлым аз хадис жеткізген сахабалар

3) Сахабалардың әр түрлі мөлшерде хадис жеткізулерінің себептері

- а. Әр түрлі уақытта мұсылман болулары;
- ә. Түрлі мерзімдерде Пайғамбардың жанынан табылуы;
- б. Кейбіреулерінің ісі тек хадис риуаят ету еді;
- в. Хадисті кейбірі хатқа түсірсе, кейбірі жатқа оқитын;
- г. Кейбірі Пайғамбарымыздың дұға-тілегіне ие болған еді;
- ғ. Қайтыс болуы мерзімдерінің әр қилылығы;
- д. Дүниенің түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап кетуі;
- е. Ғылым үйретудегі қабілеттерінің әр қилы болуы;



ж. Қажеттілікке байланысты хадис риуаят етулері;

з. Әрсахабаның риуаят еткен хадистері кітаптарға алына бермейді;

и. Кейбірінің іс басқару себебімен хадис риуаят етуге уақыт таппауы;

к. Қателік жіберу қаупінен қорқып, хадис риуаят етуден бас тартуы;

4) Сахабаның жарх және тағдил ғылымындағы алар орны

(مكانة الصحابة في الجرح و التعديل)

Сахабалардың кіршіксіз таза екендігі Құран және сүннетте аталып өткендіктен, барлығы да «әділетті» (كُلُّهُمْ عَدُولٌ) деп қабыл етілген.

#### д. Сахабалардың саны (عددهم)

Кітаптарда сахабалардың саны 40 000 мен 12-0 000 арасында деп көрсетіледі. Алайда сахабалар биографиясына арналған кітаптарда 10 000 мен 12 000 арасындағы сахабалар аталып өтіледі.

#### е. Сахабалар жайлы өркем әдебиеттер

Бұл мәселеде атап өтерлік ең маңызды еңбек – Ибн Хажардың «Исабасы» (الإصابة). Онда 12 279 сахабаның өмірбаяны жазылған.



## 2. ТАБИҒУН (التابون)

### а. Анықтамасы:

«Сахабамен мұсылман болып кездескен адамдарды табиғун дейді (مَنْ لَقِيَ الصَّحَابَةَ مُسْلِمًا)».

### ә. Артықшылығы:

Сахабаның артықшылығы жөнінде аталмыш Тәубе сүресінің, 100-ші аяттыңдағы «والذين خيروا الناس قرني ثم الذين يلونهم ثم» бөлігі мен «اتبعوهم يا احسان الذين يلونهم» хадисінің екінші бөлігі табиғиннің де артықшылығына дәлел болады.

### б. Табиғинді танудың маңызы:

Бұл сахабалар мен әтбәут-табиғиндер арасын шатастырып алмауда өте маңызды.

### в. Табиғиндердің хадис риуаят етудегі орны:

Олар сахабалардан алған сүннет мәдениетін кейінгі ұрпаққа жеткізуде мойындарына маңызды міндетті жүктеді. Олардың кезеңі саналған хижри 11–180 жылдар аралығында хадистер әрдайым қазқалпында жатталып, хадистің хатқа түсуі алдыңғы кезеңге қарағанда анағұрлым артқан еді. Осы кезең аралығында хадистер топтастырылып, артынша олардың классификациялануы кезеңі басталған болатын. Мәдина, Мекке, Куфа шаһарлары фикһ және хадис ғылымдарының орталықтары болуы осы кезеңдерге түспа-түс келеді.




### г. Табиғиндердің ең айрықшалары:

Бұл мәселеде түрлі көзқарастар болса да, мухадрамнан Уайс ал-Қарани және одан кейін Әбу Хурайраның күйеу баласы Сайд б. әл-Мусаиябты табиғиндердің ең абзалдары деп қабылдаған жөн.

### ғ. Топтары (табақа):

Барша сахаба атаулы жас ерекшеліктеріне қарай үшке бөлінеді:



## 2. ӘТБӘУТ-ТАБИҒИН

### а. Анықтамасы:

«Табиғиндерді мұсылман күйінде көргендерді әтбәут-табиғин дейді. (من لقي التابعين مسلما)».

### ә. Артықшылығы:

«خير الناس قريتي ثم الذين يلونهم ثم الذين يلونهم» хадисінің үшінші бөлігі осы әтбәут-табиғиннің кіршіксіз абзалдығына дәлел бола алады.

### б. Әтбәут-табиғинді танудың маңызы:

Алдыңғы және кейінгі ұрпақтармен шатастырып алмау үшін бұл топқа жататын рауилерді жете танудың маңызы аса зор.



**в. Әтбәут-табиғиннің хадис риуаят етуде алар орны:**

Әтбәут-табиғин кезеңі – хижри 100-120 жылдар аралығы. Хадис риуаят ету тұрғысынан алғанда бұл мерзім хадистің классификациялануы дәуірінің аса нәтижелі кезеңі ретінде назарымызды аударды. Алайда Кутуб-и Ситтаның классификациялануы кейінгі кезеңде аяқталады. Осы кезеңдегі ең әйгілі еңбек – Мәліктің «әл-Муаттасы» болды.

**г. Әйгілі Әтбәут-табиғиндер:**

Мәлік б. Әнәс, Әузағий, Суфян әс-Сәури, Ибн Жүрейж, Абдуллаһ б. әл-Мубарактарды атап өтуге болады.






## ҮШІНШІ БӨЛІМ


### I. ҚАБЫЛДАУ НЕМЕСЕ КЕРІ ҚАЙТАРУ ТҰРҒЫСЫНАН АЛҒАНДА ХАДИС

(الحدیث باعتبار القبول والرد)



### II. РАУИЛЕР САНЫ НЕМЕСЕ ЖАЙЫЛУ ДӘРЕЖЕСІ ТҰРҒЫСЫНАН ХАДИС

(الحدیث باعتبار عدد رواته او درجة شيوعه)



## А. Мутауатир хадис

### 1. Анықтамасы :

تَوَاتَرَ етістігі бірқатар істің бірінің артынан бірі үзіліссіз келуі дегенді білдіреді. Арабтар **وَاتَرَ الْمَطْرُ** яғни «толассыз жаңбыр жауды» дейді. Хадис ғылымындағы мағынасы: Адам ақылына «мұның жалған болуы мүмкін емес» деген ой келетіндей шамадағы рауилер тобының әр ұрпақта, әр кезеңде өздері сияқты топтан риуаят еткен хадисі.

### 2. Шарттары:

а. Ол үшін сәнәттың басынан аяғына дейін адам ақылы жалған деп ойлауы тіпті мүмкін емес шамадағы рауилер тобының риуаяты қажет болып табылады. Мұның нақты қабылданған белгілі бір саны жоқ.

ә. Жеткізілген мәлімет – Алаһтың бірлігі жайлы, екі жердегі екі – төрт сияқты қарапайым ақылға салатын, қисынмен есептейтін жайттар емес, нақты көзбен көріп, құлақпен естіген хабарлар болуы керек.

### 3. Бөлімдері:

المعنوي

#### Мағыналық түрғыдан

Сөздері әр түрлі болса да, тәуәтур шарттарын жүзеге асырушы рауилердің риуаят еткен хадистерінен аңғарылған ортақ мағынаны айтады. Мәселен, 100 шақты хадисте Хз. Пайғамбарымыз дұға жасағанда қолдарын көтергендігі риуаят етіледі. Бұдан шығатын мутауатир мағына – дұға жасағанда қолдарын көтеруі болып табылады.

اللفظي

#### Сөздік түрғыдан

Барлық хадис жолдарында сөздері бірдей, еш өзгеріске түспеген мутауатир хадис. Саны тіпті аз деуге болады. **مَنْ كَذَبَ** хадисі – сөздік түрғыдағы хадис. Ол 75 сахабадан риуаят етілген.



#### 4. Үкімі:

Кесімді, нақты хабар. Мұны жоққа шығару дінсіздікке апарды. Мұнымен амал ету – уәжіп.

### В. АХАД ХАДИС (خبر الواحد)

**1. Анықтамасы:** Рауи саны тұрғысынан мутауатир хадистің шарттарына жатпайтын хадис. Мутауатир хадистің тым аз екендігін ескерсек, хадис кітаптарындағы хадистердің түгеліне жуығын ахад хадис деп айтуға әбден болады.

#### 2. Түрлері:

مَشْهُور

Топ (табақа) ішіндегі рауиінің саны екеуден асатын хадис. Бірақ бұл сан мутауатир хадистің рауиінің санына жетпеуі тиіс. Хадистің мәшһүр болуы оны зерттеп қарастыруға болмайды деген сөз емес. Зерттеуден өткізілетіндіктен сахих, (шынайы) болатындай, мәшһүр хадистің хасаны (тәуір) да, зайыфы (әлсіз) де болады. Яғни хасан мәшһүр, зайыф мәшһүр дегендей.

عَزِيز

Табақалардың ең кемі біреуінде рауи саны екеу-ақ болған хадис

فَرْد / غَرِيب

Табақалардың ең кемі біреуінде рауи саны біреуді құрайтын хадис.



## MƏŞHÜR (TANIMAL) XADISTER


<p><b>Сәнәти зерттеу нәтижесіндегі мәшһүр хадис</b> Сахиһ (шынайы):</p> <p>حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا مَالِكٌ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: إِذَا جَاءَ أَحَدُكُمْ الْجُمُعَةَ فَلْيَغْتَسِلْ.</p>	<p><b>Топтардың алдында мәшһүр хадис</b> Хадисшілер:</p> <p>حَدَّثَنَا أَحْمَدُ بْنُ يُونُسَ قَالَ حَدَّثَنَا زَائِدَةُ عَنْ التَّيْمِيِّ عَنْ أَبِي مَجْلَزٍ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ: قَتَتِ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ شَهْرًا يَدْعُو عَلَى رِغْلٍ وَذَكَوَانَ</p>
<p><b>Хасан (тәүір) :</b></p> <p>حَدَّثَنَا هِشَامُ بْنُ عَمَّارٍ حَدَّثَنَا حَفْصُ بْنُ سُلَيْمَانَ حَدَّثَنَا كَثِيرُ بْنُ شَنْظِيرٍ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ سِيرِينَ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: طَلَبُ الْعِلْمِ فَرِيضَةٌ عَلَى كُلِّ مُسْلِمٍ وَوَاضِعُ الْعِلْمِ عِنْدَ غَيْرِ أَهْلِهِ كَمُقَدِّدِ الْخَنَازِيرِ الْجَوْهَرِ وَاللُّؤْلُؤِ وَالذَّهَبِ</p>	<p><b>Хадисші-Ғалымдар-Халық:</b></p> <p>حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عَقِيلِ بْنِ أَبِي شَهَابٍ أَنَّ سَالِمًا أَخْبَرَهُ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَخْبَرَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ الْمُسْلِمُ أَخُو الْمُسْلِمِ</p>
<p><b>Зайыф (әлсіз):</b></p> <p>جُبِلَتْ الْقُلُوبُ عَلَى مَنْ أَحْسَنَ إِلَيْهَا</p>	<p><b>Фиқһ ғалымдары:</b></p> <p>حَدَّثَنَا كَثِيرُ بْنُ عُبيدٍ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ خَالِدٍ عَنْ مُعْرِفِ بْنِ وَاصِلٍ عَنْ مُحَارِبِ بْنِ دِثَارٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ أَبْغَضُ الْحَلَالِ إِلَى اللَّهِ تَعَالَى الطَّلَاقُ</p>
	<p><b>Әдіскерлер</b></p> <p>حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ الْمُصَفَّى الْحَمِصِيُّ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ بْنُ مُسْلِمٍ حَدَّثَنَا الْأَوْزَاعِيُّ عَنْ عَطَاءٍ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: إِنَّ اللَّهَ وَضَعَ عَنِّ أَمْنِي الْخَطَأَ وَالنَّسْيَانَ وَمَا اسْتَكْرَهُوا عَلَيْهِ</p>
	<p><b>Халық:</b> مَنْ عَشَنَّا فَلَيْسَ مِنَّنَا</p>



Халық арасында танымал (мәшһүр) хадистердің хадис екенін не емесін зерттеп білу үшін Аджлунидың *Кәшфул-хафа* атты еңбегін егжей-тегжей оқу керек.

**3. Үкімі:** Болжалды хабар болып табылады. Оны жоққа шығару діннен шағармайды. Шынайы (сахих) болғанымен амал ету – уәжіп.

### III. СӘНӘТТІҢ НЕМЕСЕ АЙТУШЫ РАУИДІҢ СОҢҒЫ ТІРЕЛЕР ТІЗБЕГІ ТҮРҒЫСЫНАН ХАДИС



#### A. Құдси хадис:

**1. Анықтамасы:** Сөзі Хз. Пайғамбардікі болғанымен, мән-мағынасы Аллаһқа тән хадистер.

#### 2. Ерекшеліктері:

а. Мұнда Хз. Пайғамбар айтқан сөзін Ұлы Аллаһқа сілтейді.

ә. Бұл хадистегі қозғалған тақырыптар, жалпы, Аллаһтың сипатымен байланысты.

б. Бұл хадисті намазда қырағат ретінде оқуға болмайды.



- в. Бұл хадисті дәретсиз ұстауға болады.  
г. Бұл хадис зерттеліп, қарастырылады, тексеріледі.

### 3. Риуаят ету үлгілері:

- а. قال رسول الله صلى الله عليه وسلم فيما يروى عن ربه  
Ә. قال الله تعالى قال رسول الله صلى الله عليه وسلم

### 4. Мысалдар:

1. حَدَّثَنَا أَبُو مَعْمَرٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْوَارِثِ حَدَّثَنَا جَعْدُ بْنُ دِينَارٍ أَبُو عَثْمَانَ حَدَّثَنَا أَبُو رَجَاءٍ الْغَطَارِدِيُّ عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيمَا يَرُوي عَنْ رَبِّهِ عَزَّ وَجَلَّ قَالَ: قَالَ إِنَّ اللَّهَ كَتَبَ الْحَسَنَاتِ وَالسَّيِّئَاتِ ...
2. عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: قَالَ اللَّهُ تَبَارَكَ وَتَعَالَى: أَنَا أَعْنَى الشُّرَكَاءِ عَنِ الشُّرْكِ مَنْ عَمِلَ عَمَلًا أَشْرَكَ فِيهِ مَعِيَ غَيْرِي تَرَكْتُهُ وَشُرْكَهُ.

### Ә. МАРФУҒ ХАДИС (الحديث المرفوع)

#### 1. Анықтамасы:

الحديث المرفوع هو ما أضيف الى النبي صلى الله عليه وسلم من قول او فعل او تقرير او وصف خلقى او خلقى.



## 2. Бөлімдері:

صَرَاحَةً

### Ашық түрде

Ашық түрде Хз. Пайғамбарға сілтенген хадистер. Яғни хадистің ішінде Расулаллаһқа тән бір сөз, не бір іс-әрекет, не бір мақұлдау немесе бір жайттан сөз етсе, бұл – ашық марфуғ (сарахатан марфуғ) болады. Одан басқа, *أَمْرُنَا بِكَذَا* немесе *كَذَا نُهَيْنَا عَنْ كَذَا* түрінде берілген хабарлар осы топқа жатады.

حُكْمًا

### Үкімі тұрғысынан

Өткен пайғамбарлар, тылсым-жұмбақ мәліметтер, сауап немесе азап төңірегіндегі тақырыптар тұрғысынан алғанда, кез келген сахабаның өзіндік жеке пікірі мен ақыл таразысына салып, ой жүгіртуі мүмкін емес мәселелерге қатысты берген хабарларын айтады.

### Үкімі Марфуғ Қаул:

Мысалы: Абдуллаһ бин Масғудтан (р.а.):

مَنْ أَتَى سَاحِرًا أَوْ عَرَّافًا فَقَدْ كَفَرَ بِمَا أُنزِلَ عَلَيَّ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

### Үкімі жағынан Марфуғ фиғл:

Ижтихадқа сүйенуге онша қажеттілік туындай қоймаған бір мәселеде сахабаның белгілі бір шараларды жүзеге асыруы болып табылады. Мысалы, Хз. Әлидің кусуф намазында екіден артық рүкуғ жасауы сияқты.

**Үкімі жағынан Марфуғ тақрири:** Сахабаның *من السنة كذا* немесе *كنا نفعل او نقول في زمن النبي صلى الله عليه وسلم*

деуі сияқты. Мысалы, «Намазда кіндіктен төмен қолды қолға байлау – сүннет» деген хадисы сияқты. Пайғамбарымыздың бұдан хабары бола тұра, оны жоққа шығармағандығы белгілі.

### 3. Марфуғ хадисті айқындайтын кейбір тіркестер

Табиғин рауи сәнәттық тізбекті сахабаға жеткізгеннен кейін **يَرْفَعُهُ** – «сахаба хадисті жоғарылатып» немесе **يَنْمِيهِ** – «сілтей отырып» немесе **يَبْلُغُ بِهِ** – «сөзді асыл иесіне жеткізе отырып» не болмаса **يرويه** – «риуаят ете отырып» яки болмаса **رواه** – «риуаят ете отырып» деген тіркестерді қолданса, мұндай хадистер марфуғ деп аталады.

#### 4. Үкімі:

Өте сенімді дәлел (құжат) әрі байланыстырушы.

## Б. МАУҚУФ ХАДИС (الحديث الموقوف)

### 1. Анықтамасы:

الموقوف هو ما أضيف الى الصحابة من قول او فعل او تقرير

Сәнәттің тізбектік ұшы сахабада қалып, Пайғамбар-ға жетпеуі себебінен бұл хадисті мауқуф деп атайды.

### 2. Мауқуф хадисті айқындайтын кейбір тіркестер:

هو موقوفٌ عن ابن عباس رضى الله عنه немесе جاء عن ابن عمر رضى الله عنه موقوفاً





сияқты сөздер хадистің мауқуф екендігін айқындайды.

سَوَقَّهٖ فَلَانٌ عَلٰی الزهري сөзі Зухриге қарап, баға беріледі. Зухри табиғин болғандықтан, хадис – мақуф емес, мақтуғ болып табылады.

### **3. Мауқуф хадистердің сахих (сенімді) және зайыф (әлсіз) жақтары**

Әрине мауқуф хадистер марфуғ хадистер сияқты бола алмайды. Онда марфуғ хадистердің қасиет-ерекшелігі жоқ. Бірақ сахабалар ұрпағының Хз. Пайғамбарға қанша дегенмен жақындығын ескерсек, мауқуф хадистер мақтуғ хадистерге қарағанда анағұрлым құнды екендігі шүбәсіз. Марфуғ хадистерге қалай зерттеу жүргізілсе, мауқуф хадистер де зерттеуді солай қажет етеді. Яғни бұл хадис сахих (сенімді) және хасан (тәуір), тіпті зайыф (әлсіз) болуы да мүмкін. Мауқуф хадисті сенімді деп тапқанда, әрине, бұл хадис Пайғамбарға үзілді-кесілді тән екенін айтып жатқан жоқ, тіпті онымен амал етудің уәжіптілігін де қадап айтпайды.

#### **4. Үкімі:**

Екі түрлі көзқарас бар:

##### **Өте сенімді дәлел (хужат)**

Ханафилер (Рази, Сарахси және мутааххирун)  
Мәлік бин Әнес,  
Ахмед бин Ханбал

##### **Өте сенімді дәлел емес**

Кейбір ханафилер  
Имам Шафий  
(Өйткені сахабаның өзіндік ижтиһади пікірі немесе пайғамбардан емес, басқа біреуден есту ықтималдылығы бар.)



## В. МАҚТУҒ ХАДИС (الحدیث المقطوع)

### 1. Анықтамасы:

المقطوع هو ما أضيف الى التابعين من قول او فعل او تقرير

Әтбаут-табиғин де табиғиндер сияқты қабыл етілген.

### 2. Үкімі:

Екі түрлі көзқарас бар:

#### Өте сенімді дәлел емес

Әбу Ханифа бұл жөнінде былай деген:

أما ماجاء عن الرسول صلى الله عليه وسلم  
فعلى العين و الرأس و ماجاء عن الصحابي  
تَخَيَّرْنَا مِنْهُ وَأَمَّا ماجاء عن التابعين فَهُمْ  
رجال ونحن رجال

#### Шартты түрде өте сенімді дәлел

Сайд бин Мусаияб, Шағби, Нахаи және Масруқ сынды қарт табиғинның мақтуғ хадистері-мен дәлел келтіру жөн саналған.

## IV. ДҰРЫСТЫҒЫ НЕМЕСЕ ҮКІМІ ЖАҒЫНАН ХАДИС

(الحدیث باعتبار الصحة او الحكم)

Ахад хадистер үкімі немесе дұрыстығы тұрғысынан үшке бөлінеді:



## А. САХИХ (ШЫНШЫЛ) ХАДИС

(الحديث الصحيح)

### 1. Анықтамасы:

"الحديث الصحيح: هو الحديث الذي اتَّصَلَ سَنَدُهُ بِنَقْلِ الْعَدْلِ الضَّابِطِ عَنِ الْعَدْلِ الضَّابِطِ إِلَى مُنْتَهَاهُ وَلَا يَكُونُ شَاذًا وَلَا مُعَلَّلًا."

«Әділеттілік және зеректік қасиетіне ие рауилердің үздіксіз сәнәтпен берген риуаяттары өзге сенімді рауилерге қайшы келмеген (шаз) және риуаятында қандай да бір жасырын кемшілік байқалмаған (муғалләл) хадис».

### 2. Шарттары:

1) اتَّصَلَ السَّنَدُ		Сәнәтқа қатысты
2) عَدَالَةُ الرَّوَاةِ		
3) ضَبْطُ الرَّوَاةِ		
4) عَدَمُ الشُّذُوذِ	(Жалғыз бір өзі қалу дегенді білдіреді <sup>1</sup> . Бұл негізінде етістік. Ал оның жүзеге асырушы тұлғаны (исму фағил) – شاذ деп атайды. Терминдік ұғымы: Сенімді рауидің өзінен де сенімді рауилерге қарсы келуі. Мәтіндік тұрғыдан сахих хадисте мұндай кемшілік болмауы тиіс.)	Мәтінге қатысты
5) عَدَمُ الْعِلَّةِ	(Хадис мамандары бірден аңғаратын жасырын кемшіліктер - عيب خفي - болуы дегенді білдіреді)	Сәнәт әрі Мәтінге қатысты



### 3. Бөлімдері:

#### صحيح لذاته

Өздігінен са́хих (шыншыл)

Дұрыстық шарттары ең жоғары дәрежеге жеткен сахих хадис. Яғни дұрыстығы тікелей өзінен бастау алады. «Сахих» деп айтылса, ойымызға сөзсіз осы түрі оралады.

#### صحيح لغيره

Өзгесі арқылы сахих

Дұрыстық шарттары ең жоғары деңгейде болмағанмен, өзін одан әрі қуаттай түсетін басқа бір риуаяты (адид)<sup>2</sup> табылған хадистерді атайды. Яғни осылайша шыншыл болған хадис өздігінен емес, өзгесі арқылы шынайылық деңгейіне көтеріледі. Ал бұл хасан (тәуір) хадистің шынайылық деңгейіне жетуі болып табылады

**Мысалы: Өздігінен сахих хадис (сахих ли-затиһи)**

حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ عُمَارَةَ بْنِ الْقَعْقَاعِ بْنِ شُبْرَمَةَ عَنْ أَبِي زُرْعَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ جَاءَ رَجُلٌ إِلَى رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَنْ أَحَقُّ النَّاسِ بِحُسْنِ صَحَابَتِي قَالَ أُمَّكَ قَالَ ثُمَّ مَنْ قَالَ ثُمَّ أُمَّكَ قَالَ ثُمَّ مَنْ قَالَ ثُمَّ أُمَّكَ قَالَ ثُمَّ مَنْ قَالَ ثُمَّ أُمَّكَ.

Бұл хадистің сәнәті үздіксіз байланысып тұр. Әділетті (адил) және зерек (забт) рауилер дәл өздері сияқты әділетті, зерек рауилерден хадис риуаят еткен болатын. Хадистің мәтінінде қандай да бір түйткілді проблема жоқ, бір жағынан бірқатар дәлелдермен қуатталған негіздерге сай келеді.



Сондықтан бұл хадис – өздігінен сахих (сахих лизатиһи) болып табылады.

**Өзгесі арқылы сахих хадис (сахих лиғайриһи) :**

حَدَّثَنَا أَبُو كَرِيبٍ حَدَّثَنَا عَبْدَةُ بْنُ سُلَيْمَانَ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ عَمْرٍو عَنْ أَبِي  
سَلَمَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَوْلَا أَنْ أَشَقَّ  
عَلَى أُمَّتِي لَأَمَرْتُهُمْ بِالسَّوَاكِ عِنْدَ كُلِّ صَلَاةٍ 3.

Хадистің сәнәтінде орын алған Мұхаммед бин Әмірдің есте сақтау қабілеті нашар болғандықтан, ол сынға ұшыраған. Ол шыншыл хадистің шарттарын ең жоғары дәрежеге көтере алмады. Сөйтіп, бұл хасан хадиске айналды. Бұл хадисті сахих деп есептейтіндер де бар. Сол себепті бұл хадис өзгесі арқылы сахих хадиске (сахих лиғайриһи) айналды.

### 3. Үкімі:

Хадисшілер және хадисші саналған фиқһ саласының ғалымдары мен әдіскерлері сахих хадис – **өте сенімді дәлел әрі оны молынан амалға асыру – уәжіп** деген пікірде. Алайда ғалымдар сахих хадисті сенімге байланысты мәселелерде дәлел ретінде ұсынуға бола ма, болмай ма деген жайттарды тартысып келеді. Ғалымдардың басым көпшілігінің көзқарасы бойынша сенімге қатысты мәселелерде тек мутауатир хабарды ғана дәлел ретінде беруге болады. Ол – Құран мен мутауатир хадис болып та-



былады. Олар – үзілді-кесілді, нақты мәлімет. Ибн Хазм және кейбір ғалымдар сахих хадистің нақты, кесімді мәлімет екенін, сенімдік мәселелерде де оның үкімімен амал ету керектігін айтады. Дегенмен, өте сенімді рауидің де қателік жіберуден ада еместігін естен шығармауымыз керек.

#### **4. Сахих хадистің дәрежелері:**

Сахих хадистер Бұхари мен Мүслімнің еңбектері назарда ұсталынып, түрлі дәрежелерге бөлінген. Сахих хадистердің 7 дәрежесі бар:

а. Бұхари мен Мүслім екеуі өзара ортақтаса кітаптарына енгізген хадистері. Бұларды **муттафақун алейһ** дейді.<sup>4</sup>

ә. Бұхаридың тек өзі ғана кітапқа енгізген хадистері.

б. Мүслімнің тек өзі ғана кітапқа енгізген хадистері.

в. Қажетті шарттары сақталғанмен де, Бұхари және Мүслім өз кітаптарына енгізбеген хадистері.

г. Қажетті шарттары сақталса да, тек Бұхари ғана өз кітабына алмаған хадистері.

ғ. Қажетті шарттары сақталса да, тек Мүслім ғана өз кітабына алмаған хадистері

д. Бұхари мен Мүслімнен басқа хадисшілер сахих деп есептеген хадистер.

#### **5. Айтулы еңбектер**



Сахих хадистерді топтастыру мақсатымен классификацияланған еңбектердің алғашқысы – Бұхаридың *әл-Жамиғус-сахихы*, одан кейін Мүслімнің дәл сондай есімді классификациялық еңбегі келеді. Бұдан бұрынғы уақытта Мәліктің Муаттасы мен кейінгі кезеңдерде Ибн Хузайма және Ибн Хиббанның *Сахихтері* сахих хадистерді топтастыру мақсатымен классификацияланған болатын. Сондай-ақ *Сунандарда* да бірінші дәрежеде сахих хадистерге орын беріледі. «Мустахраж» және «Мустадрак» атты еңбектерде де сахих хадистер кездеседі.

## **6. Хадиске қатысты кейбір термин сөздер:**

а. *أَصْحُ الْأَسَانِيدِ*. Сәнәттардың ең шыншылы дегенді білдіреді, яғни шыншыл сәнәттардың ішінен ең шыншылын іздестіру жұмысын айқындайды. Осы орайда басқа бір термин сөз – *سلسلة الذهب*. Мұның мағынасы *алтын шынжыр* (алтын сәнәт). Хадис ішіндегі бүкіл рауилері сенімділіктің ең жоғары деңгейіне шыққан сәнәт түрі. Бір қарағанда *асах-хул-асанидтің* ең шыншыл, ең кемелді түрі. Дегенмен бұл жайт әрбір хадисшіге қарай өзгере береді. Мәселен, Ахмед бин Ханбалдың алтын силсиласы – Шафи-Мәлік-Нәфи-Ибн Омар (р.а.). Ал бұл жағдай Бұхариде, Мүслімде және өзгелерінде өзгеше болып келеді.

ә. *أَصْحُ شَيْئٍ فِي الْبَابِ كَذَا*. «Бұл мәселеде ең сахих риуаят осы» деген сөз. Бірақ бұл аталмыш хадистің ең са-



хих хадис екенін білдіреді деген сөз емес. Мұны осы мәселеге қатысты табылған хадистердің ішіндегі ең қуаттысы деп түсінуіміз керек. Егер табылған хадистер түгелімен зайыф (осал, әлсіз) хадис болса, ішіндегі ең аз әлсіздеуі осы деген мағынаны білдіреді.

б. **هذا حديث صحيح** делінсе, онда ол хадистің жоғарыдағы дұрыстық шарттарына ие екендігін аңғару қажет. Яғни ол хадистің сахих болуда барынша қуатты ой-пікірге ие екендігін жете түсіну керек. Әйтпеген жағдайда мутауатир хадистегі сияқты кесімді, нақты шешімге келу қиындай түседі.

## **В. ХАСАН ХАДИС (الحديث الحسن)**

### **1. Анықтамасы:**

«Зеректігі (забты) біраз төмендеу болған (**خفيف الضبط-قليل الضبط**) әділетті (адил) рауилердің үздіксіз сәнәтпен берген риуаяты өзге сенімді (сиқа) рауилерге қайшы келмеген әрі риуаятында қандай да бір жасырын кемшілік байқалмаған хадис».

### **2. Шарттары:**

- а. إتصال السند**
- ә. عدالة الرواة**
- б. الضبط خفيف**
- в. عدم العلة**
- г. عدم الشذوذ**





### 3. Бөлімдері:

حسن لذاته

#### Өздігінен хасан хадис

Бір адид қолдап, қоштаса, сахиx лизатиhi дәрежесiне көтерiледi.

حسن لغيره

#### Өзгесi арқылы хасан хадис

Тым әлсiздеу (зайыф) емес бiр хадис (суайттыкпен аты шықпаған, өте көп қателiк жасайтындай мең-зең, сүлесок емес, бiрақ жеке тұлғалық қасиетi айқын бiлiне қоймаған рауиi бар хадис) сөздiк және мағыналық тұрғыдан басқа хадистермен қуатталып расталса, ондай хадис дәрежесiне қарай хасан ли ғайриhi болады

Хасан ли ғайриhi зайыф (әлсiз) хадиске өте жақындау келедi. Арасындағы айырмашылық – өздерiн қолдап, қуаттайтындай бiр немесе бiрнеше риуаяттың табылуы болып саналады. Онсыз да бұл хадис көбiнесе басқа хадистердi қолдап қуаттау үшiн қолданылады.

#### **Мысалы:** Хасан лизатиhi

قال احمد: حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا بِهِ حَدَّثَنِي أَبِي عَنْ جَدِّي قَالَ قُلْتُ يَا رَسُولَ اللَّهِ مَنْ أَبْرُّ قَالَ أُمَّكَ قَالَ قُلْتُ ثُمَّ مَنْ قَالَ ثُمَّ أُمَّكَ قَالَ قُلْتُ ثُمَّ مَنْ قَالَ أُمَّكَ ثُمَّ أَبَاكَ ثُمَّ الْأَقْرَبَ فَأَلْقَرَبَ.

Аталмыш хадистiң сәнәтi үзiлмей байланысады, шаземесәрi сәнәт-мәтiнге қатысты рауилер арасында қандай да бiр келiспеушiлiк туындамағандықтан, оның дұрыстығына нұқсан келтiретiн кемшiлiгi де жоқ. Сәнәтта орын алған Баһз бин Хакимнiң жарх



және тағдил ғалымдары тарапынан сенімділігі айқындалғанмен, оның кейбір риуаяттары ғұлама-ғалымдарға өте айқын түрде жетпеген. Тіпті Шұғба оны біраз сынға алды. Бұл жайт оның зеректігі жоқ дегенді білдірмейді, тек зеректік қасиеті біраз төмендеу екендігін көрсетеді. Сол себепті Баһздың бұл риуаяты хадисшілердің критерилері бойынша хасан ли затиһи саналады. Тіпті хасан хадистің ең жоғары деңгейінде тұрады

### Хасан ли ғайриһи

قال الترمذي: حدثنا علي بن حجر حدثنا حفص بن غياث عن حجاج عن عطية عن ابن عمر رضى الله عنه قال: «صليت مع النبي صلى الله عليه وسلم الظهر في السفر ركعتين وبعدها ركعتين.»

Әбу Иса (Тирмизи) «Бұл – хасан хадис; Ибн Әбу Ләйла, Атия-Нафи-Ибн Омар (р.а.) тізбегі арқылы осы хадисті риуаят етті» деген еді.

## **Ә. ЗАЙЫФ (ӘЛСІЗ) ХАДИС (الحدیث الضعیف)**

### **1. Анықтамасы:**

الحدیث الضعیف هو ما فقد شرطاً من شروط الحدیث المقبول

Сахих және хасан хадистің шарттарының (ең кемі) біреуін жоғалтқан хадисті зайыф хадис деп атайды.


### **2. Зайыф хадистің түрлері:**

Қабылданған хадистің (сахих-хасан) шарттарынан біреуден көбін жоғалтқан жағдайда хадис одан әрі зайыф бола түседі. Сонымен зайыф хадистің




дәрежелері әр түрлі болып келеді. Негізінде, зайыф хадистің 49 бен 510 дейінгі түрі бар екендігі айтылады. Дегенмен осылардың ішіндегі ең басты орынға шыққаны – 15 шақты.

### 3. Себептері: (اسباب الضعف في الحديث)



Сахих және хасан хадистің алғашқы шарты болып табылатын сәнәттық байланыстың жоқ болуы, сәнәттағы үзіліске кіргенде өзге төрт шарттың жоғалуы рауидің айыбын қарастырумен (тағн) тығыз байланысты.



#### 1) МУРСАЛ (المرسَل)

Сөздік қорда бұл сөз *أَطْلَقَ*, яғни *жіберген, (мурсил) жолдаған*, деген мағынаны білдіреді. Негізінде бұл ат сәнәтты танымал рауимен айқындамай-ақ тікелей атап өткені үшін берілген.

Шариғи терминдік мағынасы: Табиғинның сахабаны аттап, бірден Пайғамбарға сілтеген хадисі.



Мысалы:

اخبرنا سعيد عن ابن جُرَيْج قال اخبرني حُمَيْدُ الأَعْرَجِ عن مُجَاهِدِ انه قال: كان النبي صلى الله عليه وسلم يُظهِرُ من التلبية لبيك اللهم لبيك

...

Хадистің сәнәтында орын алған Мужахид (өлг. ж. 103/718) табиғин болатын. Ол екі арадағы сахабаны атап өтпегендіктен, жоғарыдағы хадис мурсалға айналды.

**Бөлімдері:**

مرسل التابعين

Жоғарыда анықтамалары берілген зайыф хадистің түрлері.

مرسل الصحابة

Сахаба өзі сияқты бір сахабадан естіген хадисті аталмыш сахабаның да атын атамай, тікелей Расулаллаһтан риуаят етуі

**Үкімі:**

**Қуатты (хужат)  
дәлел емес.**

Хадисші, фикхшылар мен әдіскер мамандардың басым көпшілігінің пікірінше қуатты дәлел емес.

**Шартты түрде  
қуатты дәлел.**

Әбу Ханифа, Имам Мәлік және солардың жақтастарының пікірінше өте сенімді (сиқа) рауидің мурсалі – қуатты дәлел (хужат) болып табылады.

Имама Шафи: «үлкен табиғиндердің мурсалдарымен амал етуге болады» деген.



Ал сахабаның мурсалы сахих болып, онымен амал етіле береді.

## 2) МУНҚАТИҒ (المنقطع)

**Мутқаддим ғалымдардың пікірі бойынша:** Сәнәты байланыспай, үзіліп қалған хадис. (مالم يتصل). (إسناده على أي وجه كان إنقطاعه).

**Мутааххирун ғалымдардың пікірінше:** Этбауттабиғиннің табиғинді аттай отырып, хадисті тікелей сахабадан риуаят етуі.

Мысалы: Бір сәнәтта **مالك عن ابن عمر** орын алса, бұл хадис – мунқатиғ болып табылады. Өйткені Имам Мәлік этбаутабиғин әрі ол арадағы табиғинді аттап, хадисті тікелей сахабаға апарып тіреді.

**Үкімі:** Мурсал хадистен анағұрлым әлсіздеу (зайыф).

## 3) МУҒДАЛ (المعضل)

Сәнәттың кез келген жерінен бірінің артынан бірі, екі не одан да көп рауилері түсіп қалған хадис.

Мысалы:

حدثنا موسى بن اسماعيل نا حَمَّاد عن ثابت البناني عن النبي صلى الله عليه وسلم ح وحدثنا الحسن بن الصَّبَّاح نا يحيى بن اسحق انا حماد بن سلمة عن ثابت البناني عن عبد الله بن رَبَّاح عن ابي قتادة أَنَّ النبي صلى الله عليه وسلم ....



Хадистің бірінші сәнәты – муғдал, екінші сәнәты – муттасил (байланысып тұр).

Марфуғ хадисті мақтуғ етіп жеткізу хадисті муғдалға айналдырады. Шындап келгенде, Имам Мәлік өзінің Муаттасында *بَلَّغْنِي* дей отырып, Хз. Пайғамбардан жеткізген хадисі – муғдал хадис. Муаттада осындай 61 хадистен 57-сінің өзге жолдар арқылы келгендігі анықталған.

**Үкімі:** Мунқатиғтан анағұрлым әлсіздеу (зайыф).

#### 4) МУҒАЛЛАҚ (المعلق)

Сәнәттың бас жағынан бір немесе бірнеше рауиі түсіп қалған яки сәнәттың соңына дейін толығымен түсіп қалған хадис.

Мысалы: Бұхаридің

«قال بَهْزُ بْنُ حَكِيمٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ جَدِّهِ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ:  
"اللَّهُ أَحَقُّ أَنْ يَسْتَحْيِيَ مِنْهُ."»

Бұхаридің Баһз бин Хахим заманында өмір сүрмеуі, яғни онымен кездесе алмауы хадисті муғаллаққа айналдырды.

#### 5) МУДАЛЛӘС (المدلس)

Бұл сөз *тәдлис* етістігінен туындаған. Сөздікте *тауардың кемшілігін сатып алушыдан жасыру* дегенді білдіреді. Хадис ғылымының терминдік



ұғымы бойынша, рауи хадисті ішіндегі кемшіліктерін жасыра отырып жеткізуі болып табылады. Осылайша жеткізілген хадисті мудалләс хадис дейді.

Бөлімдері:

<p>تَدْلِيسُ الْإِسْنَادِ</p> <p>Рауидің кездесе алмаған не кездесе де, хадис алмаған біреуден бейне бір естіген сияқты хадис жеткізуі.</p>	<p>تَدْلِيسُ الشُّيُوخِ</p> <p>Рауидің өз ұстазын белгісіз бір есіммен, не сипатпен, не болмаса бір лақап атпен атауы.</p>	<p>تَدْلِيسُ التَّسْوِيَةِ</p> <p>Сика (өте сенімді) рауилер арасындағы зайыф (әлсіз) рауилерді аттай отырып, әрдайым сика рауилерден риуаят етіп отырғандай әсер қалдыратын хадис риуаят етуі</p>
---	--	--

الضعيف بسبب راوي مجروح

## 1) МАУДУҒ (الموضوع)

Айыбын қарастыру себебіне назар аударғанда, айыбын қарастыру жолы арқылы «кизбур-рауи (рауи өтірігі)» екендігі анықталып, сынға ұшырған рауидің жеткізген хадисі. Хадис деп ойдан ендірілген сөзді маудуғ хадис деп атайды. Негізінде хадис болмаса да, оны хадиске жатқызуы – аталмыш хадисті ойдан енгізгендердің пікір-көзқарастарына байланысты.

## 2) МӘТРҮК (المتروك)

Айыбын іздестіру арқылы «өтірікші рауи» деген кінә тағылып, сынға ұшырған рауидің риуаят еткен хадисі.



Мысалы:

صَدَقَ بِنِ مَوْسَى الدَّقِيقِي عَنِ فَرَقدِ عَنِ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللهُ عَنْهُ: لَا يَدْخُلُ  
الْجَنَّةَ حَبُّ وَلَا بَخِيلٌ وَلَا سَيِّئُ الْمَلَكَةِ

Хадистің бірден-бір рауиі Садақа мен Шайх Фархатқа тым зайыф (әлсіз) деп кінә тағылған.

### 3) МУНКӘР (المنكر)

Мункәр деп әр қилы айыптау себептерінен туындаған түрлі зайыф хадистерге қолданылады. Олардың кейбіреулері мыналар:

1) **ضعيف** x **ثقة** (Зайыф рауидің сиқа рауиге қарсылықты түрде риуаят еткен хадисі).

2) Тәфәрруд (**تَفَرُّدٌ**) (Хадисте рауидің жалғыз өзі қалуы)

Өте сенімді сиқаның  
хадистің түгелінде дерлік  
жалғыз қалуы.

Ахмед бин Ханбал: Әфләх бин Хумайд әл-Әнсари риуаятында жалғыз өзі болғандықтан екі мункәр хадис риуаят еткен.

Өте сенімді сиқаның хадистің  
бір бөлігінде жалғыз қалуы.

أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَهَى عَنِ  
تَمَنِّ الْكَلْبِ وَالسَّنَّوْرِ إِلَّا كَلْبَ صَيْدٍ.

Хадистегі «**الكلب صيد**» бөлігіндегі жалғыз болуы себепті Нәсaiй хадисті мункәр хадис деп сипаттаған

3) Хадистің сәнәтінде екі зайыф рауидің табылуы және басқа да сәнәттің болмауы.

Мысалы: «**السلام قبل الكلام**» хадисінің сәнәтында кездескен Әнбәса бин Абдиррахман мен Мұхаммед





бин Зазанның екеуі де зайыф рауи әрі басқа сәнәті де жоқ. Сондықтан бұл хадис мункәр хадис болып табылады.

4) Сәнәтта белгісіз рауидің табылуы. Мысалы: Сәнәттің құрамында Ибраһим бин Қудама болғандықтан, «Хз. Пайғамбар жұма күні намазға шықпай тұрып тырнақтарын алатын, мұртын басын» деген мағынадағы хадисті Заһиби: «Бұл – Мункәр хабарға жатады» деп айтқан.

#### 4) МҰҒАЛЛӘЛ (المعلل)

Бір қарағанда сахиһ болғанмен, оның дұрыстық қасиетін жоғалтатындай жасырын кемшілігі (عيب خفي) бар хадисті мұғалләл хадис деп атайды. Сол жасырын кемшіліктердің кейбірі мыналар:

1) Мурсәл немесе мұнқатығ хадисті маусул не мұттасыл ретінде риуаят ету.

2) Керісінше маусул хадисті мурсәл ретінде риуаят ету.

3) Бір хадисті басқа бір хадистің ішіне қосып жіберу.

4) Марфуғ хадисті маукуф ретінде риуаят ету.

5) Сика рауидің орнына зайыф рауиді атау.

Бұл қателерді **уәһим** деп атайды. Бұлар хадисті мұғалләлға айналдырады.

إِنَّ اللَّهَ أَذْهَبَ عَنْكُمْ عِبْيَةَ الْجَاهِلِيَّةِ етіп жеткізгенде, сәнәттағы **عَبِيدَةَ** **بن موسى** делінетін жерде **عُقْبَةَ** **بن موسى** деген, негізгі рауидің орнына басқа бір рауиді атап өткен.



## 5) МУДРАЖ (المدرج)

Хадистің сәнәтіне не мәтініне сырттан басқа бір сөздің қосылуын идраж, ал ондай хадисті мудраж деп атайды. Хадиске қосылған сөз бір рауидікі не қандай да бір хадистен алынған үзінді болуы мүмкін.

Мудраж, жалпы, екіге бөлінеді:

### 1. Мудражул-Иснад (сәнәтқа қосылуы)

*Хадистің сәнәтына сырттан басқа бір сөздің кірігуін Мудражул-Иснад деп атайды.*

**Мысалы:**

Шәрик бин Абдиллаһ әл-Қади хадисті жаздырып жатып сәнәтін оқиды. Дәл сол кезде ішке Сәбит бин Мұса кіріп келеді. Оған қарап: «Түнде намазды көп оқығанның күндіз жүзі жарқын болады» (من كثرت صلاته بالليل حسن وجهه بالنهار) хадисін оның тақуалығын меңзеп оқып еді. Сәбит бұл хадистің сәнәті осы деп ойлап қалады да, аталмыш хадисті сол сәнәтпен риуаят етеді. Ал бұл жайт хадистің мәтініне басқа бір сәнәттің қосылғанын көрсетеді.

Осылайша толық бір сәнәттің қосылып кетуі мүмкін болғандай, сәнәтқа бір немесе бірнеше рауидің кірігуі де мүмкін.

### 2. Мудражул-Мәтін (мәтінге қосылуы)

*Хадистің мәтініне сырттан басқа бір сөздің кірігуін Мудражул-Мәтін деп атайды.*

**Мысалы:**



Әбу Хурайра (р.а.) «Дәретті толық алыңдар» (أَسْبِغُوا الْوُضُوءَ) деп айтып, артынша, «Жәһаннамда жанатын тобықтардың халі неткен өкінішті!» (وَيْلٌ لِلْأَعْقَابِ مِنَ النَّارِ) деген хадисті риуаят еткен-ді. Хадис кейіннен Әбу Хурайраның сөзімен бірге Пайғамбарға сілтеніп риуаят етіледі. Осылайша хадиске қатыссыз бір сөз хадис мәтінінің бас жағына қосылып кетеді.

### 6) МАҚЛУБ (المقلوب)

Сәнәт не мәтіндегі сөздерінің орындары ауыстырылған (тақдим және тахир) хадисті мақлуб хадис дейді.

Мәселен مرة بن كعب орнына مرة بن كعب делінгені сияқты. Сондай-ақ حتى орнына حتى لا تعلم شماله ما تنفق يمينه حتى لا تعلم يمينه ما تنفق شماله деп риуаят ету де мақлубқа жатады.

Бұдан басқа, إن بلالا يؤذن بليل كُلووا واشربوا حتى يؤذن أم деп хадисінде Біләл мен Үммі Мақтұм есімдері орнының ауыстырылуы мағынаны бұзғандықтан, мұндай ауыстыруды мағкус (معكوس) деп те атаған.


Сондай-ақ, бір хадиске неғұрлым көңіл аударту мақсатында бір рауидің орнына дәл сол топқа кіретін басқа бір рауидің қойылуы мәсруқ (مسروق) деп аталады.

Сонымен бірге, екі хадис мәтінінің сәнәттарының орын ауыстыруын қалби-мураккаб (القلب المركب) деп атайды. Мұндай сәнәт ойдан қосылған деген ұғымды білдіреді.



Одан басқа, сиқа рауилер айтып өтпеген бір рауиді сәнәттың арасына қателікпен айтып өтуді **Мәзид фи муттасилил-әсәнид** (مزید فی متصل الأسانید) деп атайды.

Осылардың барлығын сызба-нұсқамен көрсетер болсақ, мына төмендегідей болып шығады:



## 7) МУЗДАРИБ (المضطرب)

Қуаттылығы жағынан бір-біріне тең түскен, араларында өзара шиеленісіп, түйіткілді проблема күйінде шешілмей қалған хадистерді *муздариб* хадис дейді.

Риуаяттардың бірін өзгесінен таңдап алатындай себеп табылғанда, арадағы түйіткілді мәселенің түйіні шешіледі. Бұл жағдайда таңдап алынған хадисті махфуз (محفوظ) және мағруф (معروف), ал қалғанын шаз (شاذ) және мункәр (منكر) деп атайды.



Хадисте ихтиләф (келіспеушілік) екі жерде болады:

**Сәнәтта**

Өзара келіспеушілік (ыздыраб) көбінесе сәнәтта болады. Бұл жайт сәнәттардың бір-біріне өзара қайшы келуінен туындайды.

Мысалы: «شَيْبَتِي سُورَةُ هُودٍ وَأَخَوَاتِهَا» хадисінің мүрсәл, мәусул риуаяттары қаз-қалпында Әбу Бәкір, Сағд бин Әби Уаққас және Айшаның (р.а.) хадисі ретінде риуаят етілген. Хадисте он түрлі жерде өзара шиеленісу бар.

**Мәтінде**

Өзара келіспеушілік (ыздыраб) кейде мәтінде де болады. Бұл жайт ол мәтіндегі риуаяттардың бір-біріне қайшы түсуінен және араларының жинақталмауынан, өзара келістірмеуінен туындайды.

Тирмизидегі *إن في المال حَقًّا سَوَى الزَكَاةِ* хадисі Ибн Мәжәһта *ليس في المال حَقٌّ سِوَى الزَكَاةِ* ретінде жазылған.

**8) ШАЗ (شاذ)**

Сиқа рауидің өзінен де сиқа бір рауимен бәсекелесе риуаят еткен хадисін шаз (شاذ) хадис деп атайды. Ал анағұрлым қабыл етілген хадисті махфуз (محفوظ) дейді.

Хадистің шаз ретінде қабылдануы үшін оның жалғыз ғана хадис болуы (инфирад = إنفراد) және келіспеушіліктің бір жерден шығуы шарт.



## Шазды хадис екі түрлі болады:

### Сәнәтта

Азат еткен құлынан басқа мұрагер қалдырмай қайтыс болған адам туралы хадистің Әмірбин Динар–Аусажа–Ибн Аббас (р.а.) түріндегі сәнәтіне Ибн Жүрейш және Ибн Уяйна бір ауыздан келіскенмен, сиқа рауи болған Хаммад бин Зайд дәл сол хадисті Әмір бин Динар мен Аусадан мақтау хадис ретінде (Хз. Ибн Аббасты айтпай өтіп) риуаят еткен.

### Мәтінде

Өзара қайшы түсушілік кейде мәтінде де болады. Бұл жайт сол мәтінге байланысты риуаяттардың бір-біріне өзара қайшы түсуінен және араларының жинақталмауынан, өзара келістірмеуінен туындайды. Тирмизидегі *إن في المال حقًا سوى الزكاة* хадисі Ибн Мәжәһта *ليس في المال حقٌ سوى الزكاة* ретінде жазылған.

## 9) МУСАХХАФ (المصحف)

Сәнәт және мәтіндегі сөздердің жазылу тәртібі бұзылмағанмен де нүкте мен харекеттері өзгеріске ұшыраған хадисті *мусаххаф* хадис дейді

Мысалы:

من صام رمضان من صَامَ رمضانَ وَأَتْبَعَهُ سِتًّا مِنْ شَوَّالٍ  
деген хадис  
من صام رمضانَ وَأَتْبَعَهُ شَيْئًا مِنْ شَوَّالٍ деп риуаят етілген.

## 10) МУХАРРАФ (المحرف)

Сәнәт және мәтіндегі сөздердің әрпі, жазылуы, формасы өзгеріске ұшыраған хадисті мухарраф хадис деп атайды.

Мысалы:


Зәйд бин Сәбиттен жеткізілген Хз. Пайғамбарымыздың мешітте намаз оқуға арналған қамыс



құрақтан бір бөлме жасағаны (احتجر) жөніндегі хадис **احتجم** = қан алдырды (хажамат) деп риуаят етілген.

### 3. ЗАЙЫФ ХАДИСПЕН АМАЛ ЕТУ

Бұл мәселеде үш түрлі көзқарас бар:



Амал-әрекеттердің артықшылықтары, үміттендіру және үрейлендіру, әңгіме-қиссалар сияқты үкімдік ережелер мен сенімге қатысты мәселелерден өзге барлық мәселелерде зайыф хадиспен амал етуге рұқсат етілген.

Зайыф хадиспен амал етудің қажетті шарттарын Ибн Хажар былай тізбектеп береді:

1. Аса зайыф болмауға тиіс (өтірікші біреудің тек жалғыз өзі ғана риуаят етуі сияқты).

2. Амал етілетін аталмыш хадис жалпы және негізгі үкімнің шеңберінде болуы керек. Хадистің жалғыз өзі үкім бермеуге тиіс; бір үкімді жақтайтындай болу керек.

Сақтықпен амал етілу керек (ол хадистің нақты әрі шынайы еместігі есте болуы керек).



## V. БІР-БІРІНЕ ҚАЙШЫ ТҮСУІ ТҮРҒЫСЫНАН ХАДИС

(الحديث باعتبار التعارض)

المُحْكَم

**Мухкам**

Мухкам дегеніміз – өзара қайшылығы жоқ, қабыл етілген хадис.

Мысалы: Аллаһ Тағала дәретсіз намазды және олжадан жымқырылған дүние-мүлікпен жасалған жақсылықты әсте қабыл етпейді.

المُخْتَلَف


**Мухталиф**

Мухталиф дегеніміз – қабылданған бір хадистің өзінде қайшылық бола тұра, қабыл етілген хадис.

Әрбір екі хадистің арасы өзара жинақталып, бір ізге түсірілсе, араларындағы қайшылық жойылғанға есептеледі және екі хадис те мухкам болады. Керісінше жағдайда қайшылық не жойылады (наسخ), не екеуінің бірі таңдалынып алынады (таржих), не болмаса кідіре тұру (тауаққуф) сияқты бірқатар мәселенің түйіткілін шешу жолдары қарастырылады.

Мұны қысқаша түрде сызбанұсқамен төмендегіше көрсетуге болады:

### ХАДИС





## **ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**

### **МАУДУҒ (ОЙДАН ШЫҒАРЫЛҒАН)**

### **ХАДИСТЕР**

#### **I. Анықтамасы:**

Ойдан шығарылған хадистер бізге маудуғ, мухталақ (ойлап табу, жобалау), маснуғ деген атпен белгілі. Хз. Пайғамбардың атынан ойдан шығарылған сөздерді маудуғ хадистер дейді.

#### **II. Қысқаша тарихы**

Ойдан хадис шығару тарихы хижри 35 жылы Хз. Осман (р.а.) шейіт болғаннан кейін басталған бірнеше баскөтерулердің нәтижесінде пайда болған әр түрлі топтардың арам пиғылды әрекеттерімен байланыстырылады.

#### **III. Себептері**

##### *1. Мазхапшылдық*

Ойдан хадис шығаруды дінсіздер мен шиғалардың бастап бергендігі – тарихи шындық. Шиғалар халифалық тек Хз. Әлиге берілуі керек еді, ал өзге үш халифа мемлекет басқарды одан зорлықпен тартып алған деп дәлелдеу үшін ойданқырдан бірталай жалған хадисті ендіріп жіберді. Олардың ең танымалы мына төмендегі хадис:

«Адамдардың ең қайырлысы – Әли. Бұған күмән келтірген адам – кәпір».

##### *2. Душпандық*



Бұлардың басында дінсіздер мен соқыр сенімдегі арам пиғылды топтардың ең қауіптісі – рафизилер тұрады. Хаммад бин Зайдтың сөзіне қарағанда, дінсіздер 14 000 жалған хадисті ойдан ендіріп жіберген. Дінсіздердің бірі Абдулкәрім бин Әбил-Аужаны (өлг.ж. 160) өлім жазасына кесу үшін ұстағанда, ол: «діндеріңде халалды – харам, харамды – халал етіп көрсету үшін 1 000 жалған хадисті ойдан шығардым», – дейді. Сонда Харун Рашид: «Бізде Абдуллаһ бин әл-Мүбәрақтай хадис майталмандары тұрғанда, ешқандай қорқыныш жоқ!», – деп оған қатаң сөгіс берді.

### 3. Қызмет

Тарғиб және тархиб мәселесіне келгенде, Аллаһтың разылығын табу үшін өкінішке орай, ойдан жалған хадис ендіргендер де болды. Олар *مَنْ كَذَبَ مِنْ النَّارِ عَلَيَّ مُتَعَمِّدًا ۖ فليَتَّبِرْهُ مَقْعَدُهُ مِنَ النَّارِ* деген Пайғамбарымыздың ойдан хадис енгізуге тыйым салатын хадисіндегі «ғәләйя/عَلَيَّ» сөзін «маған қарсы» деген мағынада түсініп, біз Оның (с.а.у.) «пайдасын көздеп (لَهُ)» хадис ендіріп жатырмыз деген болатын. Олардың ең қауіптілері – міне солар.

### 4. Пайдакүнемдік

Бұл типтегі адамдар – дүниелік бас пайдалары үшін ойдан жалған хадис енгізгендер еді. Мәселен, солардың бірі – Ғияс бин Ибраһим. Халифа Мәһдидің көгершін жарыстырғанын көрген ол, дереу сол арада бір сәнәт айта келіп, «لا سبق إلا»



«في نصل أو خف أو حافر أو جناح» хадисін оқиды, бірақ хадиске «أو جناح» деген сөзді де қосып жібереді. Халифа қуанғанынан оған он мың дирхам береді. Алайда мұның жалған екендігі белгілі болып қалып, халифа оған қатты ашуланады да көгершіндердің бәрін бауыздап тастауға әмір береді.

#### **IV. Түрлері**

##### ***1. Сахих хадистерге араластыру***

Хз. Пайғамбар (с.а.у.) соғысқа аттанарда Мәдинада өз орнына қалдырған Хз. Әлиге: «Мұсаға Харун қандай болса, мен үшін сен де сондайсың» дегенді. Бұл хадистің бас жағына «Ей Әли, екеуіміздің біріміз болмасақ, Мәдина түзелмейді» деп ойдан сөз енгізіп жіберген адам – Хафс бин Омар болатын.

##### ***2. Қабылданған сәнәт қосып жіберу***

Хадис мамандарының «Бұл сөз мына хадиске жарасып тұрған жоқ» деген сөзі ойдан хадис енгізушілікті білдіреді.

##### ***3. Сәнәттан шығарып тастау***

Бұлардың бірі сәнәттағы тізімнен жалған рауиді шығарып тастауынан көрінеді..

#### **V. Тану жолдары**

##### ***1. Ойдан хадис ендірушілер***

###### **а. Мойындау**

Көз жасын көл қылып жылап, Қағбаны айнала тәуеп етіп жүрген бір қарттан бұлай жылауының себебін сұрағанда: «Мен 50 мың жалған хадисті ендіріп жіберіп едім» деп мойындаған болатын.



ә. Хабардар болу

Мұндай күнәлі іспен айналысушылардың әрекеттерін дос-жарандары, туыс-жақындары және бұл жайттан хабардар болғандардың берген мәліметтері арқылы әшкерелеуге болады.

б. Зерттеу жүргізу

## **2. Ойдан ендірілген сөздер**

### **а. Сөздің және мағынаның бұзылуы**

Хз. Пайғамбар араб халқындағы тілі таза, ең көркем сөйлейтін тұлға болғандықтан, оның сөздерінде сөз үйлесімсіздігі жоқ еді. Сондай-ақ тарғиб және тархиб мәселелерінде тым әсіреленіп жіберілген сөздер, аз амалға көп сауап уәде ететін немесе кіші күнәға ауыр жазалар тағайындаған хадистер және күлкілі сөздер осы типтегі хадиске жатады. Мәселен, «Жасылға және сұлу әйелге қарау – көздің көру қабілетін күшейтеді» деген хадис маудуғ хадис болып табылады.

### **ә. Сенімді хадис кітаптарында табылмау**

Кейбір уағыз, тәпсір, Пайғамбарымыздың өмір тарихы және жалпы ислам тарихы кітаптарында орын алған кей хадистер осы типке жатады.

### **б. Құранға және шынайы сүннетке қайшы болуы**

«Мына дүниенің өмірі – жеті мың жыл, біз соның жеті мыңыншы жылындамыз» деуі қияметтің қашан орнайтынын тек Аллаһ біле алатынын айтқан аятқа кереғар келеді.



## **в. Ақылға, сана-сезімге шындыққа, және тарихи мәліметтерге қайшы келуі**

«Хижри 600 жылдары туылғандарға Аллаһ тағала ешқандай мұқтаж емес» деген маудуғ хадис ақылға да, қисынға да, тарихи шындықтарға да қайшы келеді. Өйткені сол мерзімнен кейін де небір ғалым, ғұламалар, біртуар тұлғалар бұл дүниеге құрметпен, болашаққа деген сеніммен қарады. «Баклажан – барлық дертке дауа» деген жалған хадис тәжірибелерге де, ғылыми нәтижелерге де сәйкеспейді.

## **VI. Зардаптары**

1. Исламды дұрыс түсінуге кедергі.
2. Дінді бұзу.
3. Бей-берекетсіздікті, адамдардар арасында өзара келіспеушілікті тудыру
4. Діннен жеріндіру

## **VII. Үкімі**

Ғалым Ахмед Нәйімнің сөзіне қарағанда, ойдан шығарылған жалған хадис – Аллаһқа күпірлік келтіруден кейінгі ең үлкен күнә саналады. Жалған хадис екенін біле тұра риуаят ету және ойдан шығарылған хадис екенін айтпай кету – харам болып табылады.

Дегенмен, мұсылмандарға ескерту жасау мақсатында риуаят ету сауапқа жатады.



### **VIII. Қолға алынған шаралар**

1. Сахих хадистерді арнаулы тақырыптарға дербес кітаптарға жинақтау.

2. Хадиске сыни талдау жасау әдістерін дүниеде тұңғыш рет қолдану.

3. Рауилерге жалпы сипаттама беретін еңбектер жазу

4. Заңдық күші бар әдебиеттерді жетілдіру

Хижри VI ғ. Басынан бастап маудуғ хадистерді кітаптарға жинақтаған еңбектер пайда болды. Бұдан бұрын да тұлғалық сипаттамаларда рауилердің ойдан ендірген хадистеріне орын берілген еді.

Бұл тақырыпта жазылған Али әл-Қаридің (өлг. ж. 1014/1605) «әл-Маузуатуль-кубрасы» ең маңызды кітаптардың бірі.

Проф., док. М.Я Қандемірдің «Маудуғ хадистер» атты еңбегі бұл тақырыптағы түрік тілінде жасалған ең ауқымды зерттеу жұмысы болып табылады.



## ТАПСЫРМАЛАР

1 - حَدَّثَنَا مُسَدَّدٌ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى عَنْ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنِي قَيْسُ بْنُ أَبِي حَازِمٍ عَنْ جَرِيرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ: «بَايَعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ عَلَى إِقَامِ الصَّلَاةِ وَإِيتَاءِ الزَّكَاةِ وَالنُّصْحِ لِكُلِّ مُسْلِمٍ.»

2 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ يُوسُفَ قَالَ أَخْبَرَنَا سُفْيَانُ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ أَبِي وَائِلٍ عَنْ ابْنِ مَسْعُودٍ قَالَ: «كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَتَخَوَّلُنَا بِالْمَوْعِظَةِ فِي الْأَيَّامِ كَرَاهَةَ السَّامَةِ عَلَيْنَا.»

3 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ بَشَّارٍ قَالَ حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ سَعِيدٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ قَالَ حَدَّثَنِي أَبُو التَّيَّاحِ عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «يَسِّرُوا وَلَا تَعَسِّرُوا وَبَشِّرُوا وَلَا تُنْفِرُوا.»

4 - حَدَّثَنَا سَعِيدُ بْنُ عُفَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا ابْنُ وَهْبٍ عَنْ يُونُسَ عَنْ ابْنِ شَهَابٍ قَالَ قَالَ حَمِيدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ سَمِعْتُ مُعَاوِيَةَ خَطِيبًا يَقُولُ سَمِعْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: «مَنْ يُرِدْ اللَّهُ بِهِ خَيْرًا يُفَقِّهْهُ فِي الدِّينِ وَإِنَّمَا أَنَا قَاسِمٌ وَاللَّهُ يُعْطِي وَلَنْ تَزَالَ هَذِهِ الْأُمَّةُ قَائِمَةً عَلَى أَمْرِ اللَّهِ لَا يَضُرُّهُمْ مَنْ خَالَفَهُمْ حَتَّى يَأْتِيَ أَمْرُ اللَّهِ.»

5 - حَدَّثَنَا الْحُمَيْدِيُّ قَالَ حَدَّثَنَا سُفْيَانُ قَالَ حَدَّثَنِي إِسْمَاعِيلُ بْنُ أَبِي خَالِدٍ عَلَى غَيْرِ مَا حَدَّثَنَاهُ الزُّهْرِيُّ قَالَ سَمِعْتُ قَيْسَ بْنَ أَبِي حَازِمٍ قَالَ



سَمِعْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ مَسْعُودٍ قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا حَسَدَ إِلَّا فِي اثْنَيْنِ رَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ مَالًا فَسَلَّطَ عَلَىٰ هَلَكَةٍ فِي الْحَقِّ وَرَجُلٌ آتَاهُ اللَّهُ الْحِكْمَةَ فَهُوَ يَقْضِي بِهَا وَيُعَلِّمُهَا.»

6 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الْعَزِيزِ يَعْنِي الدَّرَاوَرْدِيَّ عَنِ الْعَلَاءِ عَنْ أَبِيهِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «الدُّنْيَا سِجْنُ الْمُؤْمِنِ وَجَنَّةُ الْكَافِرِ.»

7 - حَدَّثَنِي زُهَيْرُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ ح وَحَدَّثَنَا أَبُو كُرَيْبٍ حَدَّثَنَا أَبُو مُعَاوِيَةَ ح وَحَدَّثَنَا أَبُو بَكْرِ بْنُ أَبِي شَيْبَةَ حَدَّثَنَا أَبُو مُعَاوِيَةَ وَوَكَيْعٌ عَنْ الْأَعْمَشِ عَنْ أَبِي صَالِحٍ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «انظُرُوا إِلَىٰ مَنْ أَسْفَلَ مِنْكُمْ وَلَا تَنْظُرُوا إِلَىٰ مَنْ هُوَ فَوْقَكُمْ فَهُوَ أَجْدَرُ أَنْ لَا تَزْدَرُوا نِعْمَةَ اللَّهِ.»

8 - حَدَّثَنِي زُهَيْرُ بْنُ حَرْبٍ حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ فُضَيْلٍ عَنْ أَبِيهِ عَنْ عُمَارَةَ بْنِ الْقُعْقَاعِ عَنْ أَبِي زُرْعَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ «اللَّهُمَّ اجْعَلْ رِزْقَ آلِ مُحَمَّدٍ قُوتًا.»

9 - حَدَّثَنَا زُهَيْرُ بْنُ حَرْبٍ وَإِسْحَقُ بْنُ إِبْرَاهِيمَ قَالَ إِسْحَقُ أَخْبَرَنَا وَقَالَ زُهَيْرٌ حَدَّثَنَا جَرِيرٌ عَنْ مَنْصُورٍ عَنْ إِبْرَاهِيمَ عَنِ الْأَسْوَدِ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ: «مَا شَبِعَ آلَ مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مُنْذُ قَدِمَ الْمَدِينَةَ مِنْ طَعَامٍ بُرِّ ثَلَاثَ لَيَالٍ تَبَاعًا حَتَّىٰ قُبِضَ.»





10 - حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْلَمَةَ بْنِ قَعْنَبٍ حَدَّثَنَا مَالِكٌ عَنْ ثَوْرِ بْنِ زَيْدٍ عَنْ أَبِي الْغَيْثِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «السَّاعِي عَلَى الْأُرْمَلَةِ وَالْمَسْكِينِ كَالْمُجَاهِدِ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَأَحْسِبُهُ قَالَ وَكَالْقَائِمِ لَا يَفْتُرُ وَكَالصَّائِمِ لَا يَفْطُرُ.»

11 - حَدَّثَنَا قُتَيْبَةُ بْنُ سَعِيدٍ حَدَّثَنَا بَكْرٌ يَعْنِي ابْنَ مُضَرَ عَنْ ابْنِ الْهَادِ عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ إِبْرَاهِيمَ عَنْ عَيْسَى بْنِ طَلْحَةَ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّهُ سَمِعَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: «إِنَّ الْعَبْدَ لَيَتَكَلَّمُ بِالْكَلِمَةِ يَنْزِلُ بِهَا فِي النَّارِ أَبَعَدَ مَا بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ.»

12 - حَدَّثَنَا مُحَمَّدُ بْنُ رَافِعٍ وَعَبْدُ بْنُ حُمَيْدٍ قَالَ عَبْدُ أَحْبَرْنَا وَقَالَ ابْنُ رَافِعٍ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّزَّاقِ أَخْبَرَنَا مَعْمَرٌ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ عُرْوَةَ عَنْ عَائِشَةَ قَالَتْ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «خُلِقَتِ الْمَلَائِكَةُ مِنْ نُورٍ وَخُلِقَ الْجَانُّ مِنْ مَارِجٍ مِنْ نَارٍ وَخُلِقَ آدَمُ مِمَّا وُصِفَ لَكُمْ.»

13 - حَدَّثَنَا هَدَّابُ بْنُ خَالِدٍ الْأَزْدِيُّ وَشَيْبَانُ بْنُ فَرُّوخَ جَمِيعًا عَنْ سُلَيْمَانَ بْنِ الْمُغِيرَةَ حَدَّثَنَا سُلَيْمَانٌ حَدَّثَنَا ثَابِتٌ عَنْ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بْنِ أَبِي لَيْلَى عَنْ صُهَيْبٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ «عَجَبًا لِأَمْرِ الْمُؤْمِنِ إِنَّ أَمْرَهُ كُلَّهُ خَيْرٌ وَلَيْسَ ذَاكَ لِأَحَدٍ إِلَّا لِلْمُؤْمِنِ إِنْ أَصَابَتْهُ سَرَاءٌ شَكَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ وَإِنْ أَصَابَتْهُ ضَرَاءٌ صَبَرَ فَكَانَ خَيْرًا لَهُ.»

14 - حَدَّثَنَا نَصْرُ بْنُ عَلِيٍّ الْجَهْضَمِيُّ حَدَّثَنِي أَبِي حَدَّثَنَا صَخْرٌ يَعْنِي



ابن جُوَيْرِيَةَ عَنْ نَافِعٍ أَنَّ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ حَدَّثَهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «أَرَأَيْتَ فِي الْمَنَامِ أَتَسْوُكُ بِسِوَاكَ فَجَذَبَنِي رَجُلَانِ أَحَدُهُمَا أَكْبَرُ مِنَ الْآخَرِ فَنَاولَتْ السِّوَاكَ الْأَصْغَرَ مِنْهُمَا فَقِيلَ لِي كَبِّرْ فَدَفَعْتُهُ إِلَى الْأَكْبَرِ.»

15 - حَدَّثَنَا هَارُونُ بْنُ مَعْرُوفٍ حَدَّثَنَا بِهِ سُفْيَانُ بْنُ عُيَيْنَةَ عَنْ هِشَامٍ عَنْ أَبِيهِ قَالَ كَانَ أَبُو هُرَيْرَةَ يُحَدِّثُ وَيَقُولُ اسْمَعِي يَا رَبَّةَ الْحُجْرَةِ اسْمَعِي يَا رَبَّةَ الْحُجْرَةِ وَعَائِشَةُ تُصَلِّيُ فَلَمَّا قَضَتْ صَلَاتَهَا قَالَتْ لِعُرْوَةَ أَلَا تَسْمَعُ إِلَى هَذَا وَمَقَالَتَهُ آفًا إِنَّمَا كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يُحَدِّثُ حَدِيثًا لَوْ عَدَّهُ الْعَادُّ لِأَخْصَاهُ.

16 - أَخْبَرَنِي مُحَمَّدُ بْنُ غَيْلَانَ قَالَ حَدَّثَنَا الْوَلِيدُ بْنُ مُسْلِمٍ قَالَ حَدَّثَنِي الْمُفْضَلُ بْنُ فَضَالَةَ عَنْ عِيَّاشِ بْنِ عَبَّاسٍ عَنْ بُكَيْرِ بْنِ الْأَشَجِّ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ عَنْ حَفْصَةَ زَوْجِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «رَوَّاحُ الْجُمُعَةِ وَاجِبٌ عَلَى كُلِّ مُحْتَلِمٍ.»

17 - أَخْبَرَنَا أَحْمَدُ بْنُ سُلَيْمَانَ قَالَ حَدَّثَنَا يَزِيدُ بْنُ هَارُونَ قَالَ حَدَّثَنَا هَمَّامٌ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ قُدَامَةَ بْنِ وَبَرَةَ عَنْ سَمُرَةَ بْنِ جُنْدُبٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ تَرَكَ الْجُمُعَةَ مِنْ غَيْرِ عُدْرٍ فَلْيَتَصَدَّقْ بِدِينَارٍ فَإِنْ لَمْ يَجِدْ فَيَنْصِفْ دِينَارٍ.»

18 - أَخْبَرَنَا سُؤَيْدُ بْنُ نَصْرِ بْنِ نَصْرِ قَالَ أَنْبَأَنَا عَبْدُ اللَّهِ عَنْ يُونُسَ عَنْ الزُّهْرِيِّ



قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ الرَّحْمَنِ الْأَعْرَجُ أَنَّهُ سَمِعَ أَبَا هُرَيْرَةَ يَقُولُ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «خَيْرُ يَوْمٍ طَلَعَتْ فِيهِ الشَّمْسُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ فِيهِ خُلِقَ آدَمُ عَلَيْهِ السَّلَامُ وَفِيهِ أُدْخِلَ الْجَنَّةَ وَفِيهِ أُخْرِجَ مِنْهَا.»

19 - أَخْبَرَنَا قُتَيْبَةُ عَنْ مَالِكٍ عَنْ نَافِعٍ عَنْ ابْنِ عُمَرَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «إِذَا جَاءَ أَحَدُكُمْ الْجُمُعَةَ فَلْيَغْتَسِلْ.»

20 - أَخْبَرَنَا قُتَيْبَةُ عَنْ مَالِكٍ عَنْ صَفْوَانَ بْنِ سُلَيْمٍ عَنْ عَطَاءِ بْنِ يَسَارٍ عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «غُسْلٌ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَاجِبٌ عَلَى كُلِّ مُحْتَلِمٍ.»

21 - أَخْبَرَنَا حُمَيْدُ بْنُ مَسْعَدَةَ قَالَ حَدَّثَنَا بَشْرٌ قَالَ حَدَّثَنَا دَاوُدُ بْنُ أَبِي هَنْدٍ عَنْ أَبِي الزُّبَيْرِ عَنْ جَابِرٍ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «عَلَى كُلِّ رَجُلٍ مُسْلِمٍ فِي كُلِّ سَبْعَةِ أَيَّامٍ غُسْلٌ يَوْمٍ وَهُوَ يَوْمُ الْجُمُعَةِ.»

22 - أَخْبَرَنَا أَبُو الْأَشْعَثِ عَنْ يَزِيدَ بْنِ زُرَيْعٍ قَالَ حَدَّثَنَا شُعْبَةُ عَنْ قَتَادَةَ عَنْ الْحَسَنِ عَنْ سَمُرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ تَوَضَّأَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ فَبِهَا وَنِعْمَتْ وَمَنْ اغْتَسَلَ فَالْغُسْلُ أَفْضَلُ.»

23 - أَخْبَرَنَا مَحْمُودُ بْنُ خَالِدٍ قَالَ حَدَّثَنِي عُمَرُ بْنُ عَبْدِ الْوَاحِدِ قَالَ سَمِعْتُ يَحْيَى بْنَ الْحَارِثِ يُحَدِّثُ عَنْ أَبِي الْأَشْعَثِ الصَّنَعَانِيِّ عَنْ أَوْسِ بْنِ أَوْسِ الثَّقَفِيِّ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَنْ غَسَلَ وَاعْتَسَلَ



وَابْتَكَرَ وَغَدَا وَدَنَا مِنَ الْإِمَامِ وَأَنْصَتَ ثُمَّ لَمْ يَلْغُ كَانَ لَهُ بِكُلِّ خُطْوَةٍ كَأَجْرِ  
سَنَةِ صِيَامِهَا وَقِيَامِهَا.»

24 - أَخْبَرَنَا قُتَيْبَةُ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنِ الزُّهْرِيِّ عَنْ سَعِيدِ  
بْنِ الْمُسَيْبِ عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَنْ قَالَ  
لصَاحِبِهِ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَالْإِمَامُ يَخْطُبُ أَنْصَتُ فَقَدْ لَغَا.»

25 - أَخْبَرَنَا إِسْمَاعِيلُ بْنُ مَسْعُودٍ قَالَ حَدَّثَنَا بَشْرُ بْنُ الْمُفَضَّلِ قَالَ  
حَدَّثَنَا عُيَيْدُ اللَّهِ عَنْ نَافِعٍ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ  
عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يَخْطُبُ الْخُطْبَتَيْنِ وَهُوَ قَائِمٌ وَكَانَ يَفْصِلُ بَيْنَهُمَا بِجُلُوسٍ.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бұхари, Әбу Абдиллаһ Мұхаммед бин Исмайл, *әл-Жамиғус-сахих*, I-VIII, Стамбул, 1315.
2. И. Л. Чакан, *Хадис усулу*, Стамбул, 1990.
3. -----, *Хадис едебиаты*, Стамбул, 1985.
4. Фирузабади, Междуддин Мухммед б. Якуб, *әл-Қамусул-мухит*, Бейрут, 1987.
5. Кандемир Яшар, *Мевзу хадислер*, Стамбул, 1997.
6. Коджаигит, Талат, *Хадис Тарихи*, Анкара, 1977.
7. Малик б. Енес, *әл-Муатта*, I-II, Бейрут.
8. Мүслим б. ел-Хаджаж, *әл-Жамиус-сахих*, I-V, Каир, 1955.
9. Таххан, Махмуд, *Тейсиру мусталахил-хадис*, Кувейт, 1978.
10. Тирмизи, Әбу Иса, *әл-Жамиус-сахих*, I-V, Бейрут.
11. Уғур, Муджтеба, *Ансеклопедик Хадис Теримлери Сөзлүгү*, Анкара, 1992.

### (Footnotes)

- <sup>1</sup> ندر عن الجمهور деген сөз (Фирузабади, *Камус*, 571 бет)
- <sup>2</sup> عاضد عَضْدٌ عَضْدٌ етістігінің істеуші тұлғасын білдіретін *عاضد* сөзі *қолдаушы* деген мағынаны білдіреді.
- <sup>3</sup> Тирмизи, *Тахарат*, 18.
- <sup>4</sup> Мұхаммед Фуад Абдулбаки осы типтес хадистерді *әл-Луғ-луғу уәл-маржан* атты бір кітапта топтастырған. Кітапта 1906 хадис бар.



